

**«Траст-Банк» акционерлік қоғамы Қаржылық
есептілік**

*2018 жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ****ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	1
Жиынтық кіріс туралы есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты	5
2. Қаржылық есептілікті әзірлеу негізі	5
3. Маңызды терминдердің анықтамасы.....	6
4. Есеп саясатының негізгі ережелері.....	7
5. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар.....	24
6. Ақша қаражаты мен оның баламалары	24
7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек.....	25
8. Клиенттерге берілген қарыздар.....	28
9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	29
10. Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	30
11. Негізгі құралдар.....	30
12. Материалдық емес активтер.....	31
13. Қорлар.....	31
14. Салық салу	31
15. Басқа да активтер мен міндеттемелер.....	33
16. Кредиттік мекемелердегі қаражат.....	33
17. Клиенттердің қаражаты	33
18. Меншікті капитал	34
19. Шарттық және шартты міндеттемелер	34
20. Несиелік залалдар бойынша кірістер/(шығыстар).....	36
21. Таза комиссиялық кіріс	36
22. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар).....	37
23. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар	37
24. Тәуекелдерді басқару	37
25. Әділ құнды бағалау	49
26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау.....	52
27. Байланысты тараптармен операциялар	52
28. Капитал жеткіліктігі	54
29. Зәкят.....	54

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Траст-Банк» акционерлік қоғамының
Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ-ның (бұдан әрі - «Банк») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Банкке қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Банкті таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Банктің қаржылық есептілігін дайындау процесіне қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер





Ольга Хегай
Аудитор

Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектігі
№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2019 жылғы 30 сәуір



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2018 жылдың 31 желтоқсанына***(Мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2018 жыл	2017 жыл
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6	1.836.786	1.190.826
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7	11.886.847	9.974.418
Клиенттерге берілген қарыздар	8	44.807	877.647
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9		40.901
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	10	756.247	1.062.300
Негізгі құралдар	11	22.669	24.660
Материалдық емес активтер	12	5.564	10.103
Қорлар	13	216.766	216.766
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	14	53.621	4.981
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша актив	14	7.577	24.288
Басқа да активтер	15	244.527	112.278
Активтер жиыны		15.075.411	13.539.168
Міндеттемелер			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	16	577.165	595.766
Клиенттердің қаражаты	17	1.752.597	547.662
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	19	6.716	
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	19	58.711	49.564
Басқа да міндеттемелер	15	42.083	34.492
Міндеттемелердің жиыны		2.437.272	1.227.484
Меншікті капитал	18		
Жарғылық капитал		10.050.000	10.050.000
Қосымша төленген капитал		122.037	122.037
Бөлінбеген пайда		2.466.102	2.139.647
Меншікті капитал жиыны		12.638.139	12.311.684
Міндеттемелер мен меншікті капитал жиыны		15.075.411	13.539.168

Банк Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Гульфайруз Ерлановна Асаева

Басқарма Төрайымы

Римма Сеитова



Бас бухгалтер

2019 жылғы 30 сәуір

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(Мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2018 жыл	2017 жыл
Исламдық қаржыландыру қызметінен түскен кірістер			
Тауарлық Мұрабаха шарттары бойынша кірістер		837.009	330.688
Басқа да қаржылық кірістер			
Клиенттерге берілген қарыздар		52.426	907.165
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		–	64
Кредиттік мекемелердегі қаражат		–	70
		889.435	1.237.987
Қаржылық шығыстар			
Клиенттердің қаражаты		–	(1)
		–	(1)
Таза қаржылық кіріс		889.435	1.237.986
Несиелік залалдар бойынша кірістер/(шығыстар)	20	80.475	(106.000)
Несиелік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық кіріс		969.910	1.131.986
Таза комиссиялық кіріс	21	243.922	51.297
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар)	22	95.127	(15.345)
Басқа да кірістер		7.262	148.565
Қаржылық емес кіріс		346.311	184.517
Персонал шығыстары	23	(226.188)	(202.952)
Басқа да операциялық шығыстар	23	(397.069)	(243.755)
Қаржылық емес шығыстар		(623.257)	(446.707)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		692.964	869.796
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	14	(171.297)	(175.323)
Бір жылғы пайда		521.667	694.473
Басқа да жиынтық кіріс		–	–
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		521.667	694.473

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(Мың теңгемен)*

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2017 жылдың 1 қаңтарына	10.050.000	122.037	1.445.174	11.617.211
Бір жылғы жиынтық кіріс	–	–	694.473	694.473
2017 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	2.139.647	12.311.684
9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері (4-ескертпе)	–	–	(195.212)	(195.212)
9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтарға қайта есептелген қалдық	10.050.000	122.037	1.944.435	12.116.472
Бір жылғы жиынтық кіріс	–	–	521.667	521.667
2018 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	2.466.102	12.638.139

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(Мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2018 жыл	2017 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Исламдық қаржыландыру қызметінен алынған кірістер		872.452	112.427
Алынған пайыздар		65.934	976.010
Төленген пайыздар		–	(495)
Алынған комиссиялар		262.522	56.360
Төленген комиссиялар		(13.626)	(26.886)
Шетел валюталарымен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып іске асырылған кірістер		66.951	20.672
Басқа да түскен кірістер		7.262	148.565
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(236.801)	(210.663)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(377.601)	(221.181)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары		647.093	854.809
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы</i>			
Басқа банктердегі қаражат		–	(17)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек		(1.466.416)	(11.134.615)
Клиенттерге берілген қарыздар		333.633	12.451.943
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		–	476
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар		201.917	(1.062.300)
Басқа да активтер		(137.157)	(68.744)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза (азаяуы)/көбеюі</i>			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(18.601)	542.797
Клиенттердің қаражаты		1.233.111	(1.900.639)
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер		6.716	–
Басқа да міндеттемелер		14.986	(8.659)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуды)		815.282	(324.949)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(159.536)	(168.191)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/(жұмсалуды)		655.746	(493.140)
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу	11	(9.786)	(18.223)
Материалдық емес активтерді сатып алу	12	–	(3.301)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(9.786)	(21.524)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)		645.960	(514.664)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		1.190.826	1.705.490
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	6	1.836.786	1.190.826

5-54 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

емен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. Қызметінің сипаты

«Заман-Банк» Ислам банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Банк») Қазақстан Республикасында өз қызметін 1991 жылдан бері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырып келеді. 2017 жылы Банк Ислам банкі болып қайта құрылып, «Заман-Банк» Ислам банкі» акционерлік қоғамы болып атауын өзгертті және ресми түрде тіркелді.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») 2017 жылғы 17 тамызда берген № 1.3.51 бас банктік лицензияға сәйкес жүзеге асырады, әрі ол алдыңғы лицензияларды ауыстырады.

Банк исламдық банк қызметімен айналысады және өзінің операцияларын Екібастұз қаласындағы бас офисі және Алматы қаласындағы филиалы арқылы жүзеге асырады. Банк халықтың салымдарын қабылдап, Шариғат нормалары мен ережелері қағидаттарының негізінде қаржы операцияларын жасайды, Қазақстан аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерге ақша қаражатын аударады, валюталарды айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға басқа да банк қызметтерін көрсетеді. Банк қызметін ҚРҰБ реттейді.

Банктің басты кеңсежайының заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 141206, Екібастұз к., Машхүр Жүсіп көшесі, 111А.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк акционерлері келесі заңды және жеке тұлғалар болды:

Акционер	2018 жыл, (%)	2017 жыл, (%)
А.Т. Абғужинов	61,9	61,9
А.Ш. Ермембетов	8,4	8,4
С.Е. Бейсембаева	8,3	8,3
Ш.Д. Сваров	8,3	8,3
Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Исламдық Корпорация	5,0	5,0
Т.С. Абғужинов	4,0	4,0
Басқа да акционерлер, жеке 3% кем иелік ететіндер	4,1	4,1
Жиыны	100,0	100,0

2018 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кенесі мүшелерінің және Басқарма мүшелерінің бақылауында Банктің 991.021 акциясы немесе 9,9% (2017 жылы: 6.684.708 акция, немесе 66,5%) болды.

2. Қаржылық есептілікті әзірлеу негізі

Жалпы ақпарат

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілік акция сомаларын қоспағанда және егер өзгесі көрсетілмесе, мың казакстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «теңге») көрсетілген.

Қайта жіктеулер

9 ХҚЕС (IFRS) қолданылғаннан кейін (4-ескертпе) Банк жиынтық кіріс туралы есепті ұсыну амалын өзгертті және 9 ХҚЕС (IFRS) сай айқындалған құнсызданудан болған залалдарды бір баппен білдірді. Тиісінше, 2018 жылғы ұсыну қағидаттарына сәйкес келтіру үшін 2017 жылғы жиынтық кіріс туралы есепте несие сипатындағы шартты міндеттемелер бойынша құнсыздануға қатысты келесі қайта жіктеулері жүзеге асырылды.

	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Шартты міндеттемелер бойынша резервтерді қайтару	123.498	(123.498)	–
Несиелік зияндар бойынша шығыстар	(229.498)	123.498	(106.000)

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Маңызды терминдердің анықтамасы

Шариғат

Шариғат – бұл мұсылмандық құқық жинағы және Қасиетті Құран мен Пайғамбардың Сүннетінен (салаллаху ғалейхи уәсәлләм) туындайды. Банк, исламдық қаржы мекемесі бола отырып, өз қызметіне Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес талқылайтын Шариғат қағидаттары мен нормаларын қосады.

Тауарлық Мұрабаха

Банк тауарды брокерден сатып алғандағы және оны меншігіне қабылдағандағы әрі оған заңды түрде иелік еткендегі, ал содан кейін оны мерзімі ұзартылған төлемнің негізінде клиентке сатқандағы әдіс. Содан кейін клиент дәл сол активті дереу жеткізу әрі ақысын төлеу талаптарында үшінші тарапқа сатады және түбінде клиент қолма-қол ақша сомасын алып, оның Банк алдында ұлғайтылған сомаға мерзімі ұзартылған төлем бойынша міндеттеме туындайды. Негізінен базалық актив платина немесе мыс сияқты өтімділігі жоғары тауар болып табылады. Шариғат қағидаттарына сәйкес алтын мен күміс ақша қаражаты болып саналады және осы мақсаттарда пайдаланыла алмайды.

Иджара

Меншік құқығын жалдау мерзімінің соңында бере отырып, белгілі бір активті жалдау (сондай-ақ Иджара Мунтахия Битамлеек деп мәлім) – бұл Банк активті ниет білдіру туралы өтініште көрсетілген клиенттің ниетіне сай сатып алатын, ал содан кейін жалға беруші ретінде бола отырып, оны нақты кезеңнің ішінде көрсетілген жалдау ақысына жалға алушы ретінде болатын клиентке жалға тапсыратын келісім. Жалдау мерзімінің ұзақтығы, сондай-ақ жалдау үшін негіздеме жалдау шартында баяндалған және келісілген. Банк барлық жалдау мерзімінің ішінде активке меншік құқығына иелік етеді. Келісімнің қолданылуы жалға алушы жалдау мерзімінің ішінде немесе соңында міндеттемені орындағаннан кейін жалға алушыға активке меншік құқығын беру арқылы аяқталуы мүмкін.

Мұдараба

Мұдараба шарттық келісім болып табылады, сол бойынша екі немесе одан да көп тарап өз мойындарына шаруашылық қызмет бойынша міндеттемені алады. Мұдараба капиталды ұсынған тарап пен өзінің кәсіпкерлік қабілеттерін ұсынған тарап арасында пайдада қатысу үлесі болып табылады. Ол қаражат көзі ретінде инвестициялық шоттың ұстаушылары мен Мұдариб ретіндегі Банк арасында жасалуы мүмкін. Банк пайда екі жақ уағдаластығының негізінде бөлінеді, ал шығындарды қаржыландырушы тарап көтереді деген талаппен, тек шығындар Банктің лауазымдық қатесінің, салақтығының немесе келісілген шарттарды бұзуының нәтижесінде туындаған жағдайларды қоспағанда, инвестициялық қаражатты қабылдау әзірлігі туралы хабарлайды, мұндай жағдайда осындай шығындарды Банк көтереді.

Уакала

Сол бойынша инвестор белгілі бір сыйақыға айырбастай отырып нақты талаптарға сәйкес инвестициялайтын агентке белгілі бір ақша сомасын (паушалды сома немесе инвестициялық сомадан болған пайыз) беретін шарт. Агентке қызметтер үшін сыйақы ретінде алдын ала келісілген пайда нормасынан артық өсім берілуі мүмкін. Агент Уакала талаптарын бұзған немесе салақтық танытқан жағдайда инвестицияланған соманы қайтарып беруге міндетті.

Кард Хассан

«Кард Хассан» қысқа мерзімді дебиторлық берешек пайда әкелмейтін қаржылық дебиторлық берешек болып табылады, бұл ретте клиент дәл сол сома келісілген мерзімнің соңында қайтарылуы тиіс екендігін түсіне отырып, белгілі бір мерзімге қаражатты қарызға алады.

Зәкят

Орындау мерзімі белгілі бір материалдық құндылықтың деңгейіне жеткен кезде орын алатын құқық және алушылардың белгілі бір санаттарына төленуге жатады. Бұл мұндай талаптар сақталғандағы абсолютті міндеттеме болып табылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк 15 ХҚЕС (IFRS) пен 9 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданды. Бухгалтерлік есептің бұл жаңа стандарттарын қолданудың нәтижесінде болған өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған.

Банк 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Банк шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін 39 ХҚЕС-ті (IAS) ауыстырады. Банк 9 ХҚЕС-тің (IFRS) шеңберінде қаржы құралдарына қатысты 2017 жылғы салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеді. Тиісінше, 2017 жылғы салыстырмалы ақпарат 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес көрсетіледі және 2018 жыл үшін ұсынылған ақпаратпен салыстырылмайды. 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қабылдауға орай туындайтын айырмалар 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бөлінбеген пайдада тікелей танылды және төменде ашылып көрсетілген.

(а) Жіктеу және бағалау

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай, «тек борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер ғана» (SPPI) тестіге сәйкес келмейтін барлық борыштық қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде пайда және зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Бұл критерийлерге сай айырбастаудың ендірілген мүмкіндігін қамтитын құралдар немесе регресс құқығынсыз қаржы құралдары сияқты «базалық несиелік келісімнің» анықтамасына сәйкес келмейтін борыштық құралдар ПЗӘҚ бойынша бағаланады. SPPI тестісіне сәйкес келетін борыштық қаржы активтері үшін бастапқыда мойындалған кездегі жіктеу бизнес-модельдің негізінде айқындалады, соған сай бұл құралдар басқарылады:

- шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталатын құралдар амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату мақсатында ұсталатын құралдар басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі;
- басқа мақсаттарда ұсталатын құралдар, сауда қаржы құралдарын қоса алғанда, ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Үлестік қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде, өз қарауына қарай, кейіннен бас тарту құқығынсыз, құралды БЖКӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеу шешімі қабылданған жағдайларынан басқа, ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеу қажет. БЖКӘҚ бойынша бағаланған деп жіктелетін үлестік инвестициялар үшін барлық жұмсалған және жұмсалмаған пайда мен зияндар, дивидендтік кірістерден басқа, пайда немесе зиян құрамына одан әрі қайта жіктеу құқығынсыз, басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарымен салыстырғанда негізінен өзгеріссіз қалады.

(б) Құнсыздану

9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану Банктің қаржы құралдары бойынша құнсызданудан болған залалдарды есепке алу тәртібін түбегейлі түрде өзгертеді, әрі олар 39 ХҚЕС-те (IAS) көзделген залалдар моделінің орнына болжамды күтілетін несиелік залалдар (КНЗ) моделінің негізінде есептеледі. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап. Банк ПЗӘҚ бойынша бағаланбайтын барлық қаржы құралдары мен басқа да борыштық қаржы активтері, сондай-ақ қаржыландыру міндеттемелері мен қаржылық кепілдік шарттары бойынша КНЗ бағалау резервін мойындайды. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай құнсыздануға қатысты талаптар үлестік құралдарға қатысты қолданылмайды.

Бағалау резерві, бастапқы тану сәтінен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсу жағдайларын қоспағанда, келесі 12 айдың ішінде дефолт ықтималдылығымен байланысты КНЗ негізінде бағаланады. Егер қаржы активі сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) активтің анықтамасын қанағаттандырса, бағалау резерві активтің бүкіл өмірінің бойына КНЗ өзгеруінің негізінде бағаланады. Банк қолданатын құнсыздану моделі туралы толық ақпарат 24-ескертпеде сипатталған.

2018 жылдың 1 қаңтарына 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері туралы санды ақпарат төмендегі (в) бөлімінде ашылып көрсетіледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

(в) 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері

Төмендегі кестелерде 39 ХҚЕС-те (IAS) болған несиелік залалдардың моделін 9 ХҚЕС-те (IFRS) КНЗ-ға ауыстырудың салдарын қоса алғанда, 2018 жылғы 1 қаңтарға 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың қаржылық жағдай туралы есепке және бөлінбеген пайдаға әсері сипатталады.

Төмендегі кестеде 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бағаланған баланстық құнды 2018 жылғы 1 қаңтарға 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген баланстық құнмен салыстырып тексеру көрсетілген.

	39 ХҚЕС (IAS)	Қайта бағалау	9 ХҚЕС (IFRS)
	Сомасы	КНЗ	Сомасы
Қаржы активтері			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.190.826	–	1.190.826
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	9.974.418	(381.563)	9.592.855
Клиенттерге берілген қарыздар	877.647	163.111	1.040.758
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	40.901	(20.450)	20.451
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	1.062.300	–	1.062.300
	13.146.092	(238.902)	12.907.190
Қаржылық емес активтер			
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша актив	24.288	43.690	67.978
Активтер жиыны	13.170.380	(195.212)	12.975.168

9 ХҚЕС-ке (IFRS) өтудің бөлінбеген пайдаға әсері келесі кестеде көрсетілген:

	Бөлінбеген пайда
Бөлінбеген пайда	
39 ХҚЕС (IAS) сай кезең соңына қалдық (2017 жылғы 31 желтоқсан)	2.139.647
39 ХҚЕС (IFRS) сай КНЗ тану	(238.902)
Тиісінше мерзімі ұзартылған салық	43.690
9 ХҚЕС (IFRS) сай кезең басына қалдық (2018 жылғы 1 қаңтар)	1.944.435
9 ХҚЕС (IFRS) қолданылуына орай меншікті капиталдағы өзгерістердің жиыны	(195.212)

Келесі кестеде 2018 жылдың 1 қаңтарына 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бағаланған кезең басына құнсыздану резервтерін және 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағаланған КНЗ резервтерін салыстырып тексеру көрсетілген.

	39 ХҚЕС (IAS) сай құнсыздану резерві 31 желтоқсанға 2017 жыл	Қайта бағалау	2018 жылдың 1 қаңтарына 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай КНЗ резерві
Құнсыздану резерві			
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	1.381.829	381.563	1.763.392
Клиенттерге берілген қарыздар	344.303	(163.111)	181.192
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	20.450	20.450
	1.726.132	238.902	1.965.034

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылып, 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады. Дегенмен, стандарт қаржы құралдарымен және жалдаумен байланысты кірістерге қолданылмайды және тиісінше, «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» 17 ХҚЕС (IAS) қолданылатын қаржылық кірістерді, бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза кірістерді/(шығыстарды), қаржылық лизинг шарттары бойынша түскен кірістерді қоса алғанда, Банк кірістерінің көпшілігіне әсерін тигізбейді. Нәтижесінде Банк кірісінің едәуір бөлігі бұл стандарттың қолданылу әсеріне ұшырамайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемді жасаудың немесе алудың бірнеше фактілері болған жағдайда ұйым мұндай төлемнің жасалуының немесе алынуының әр фактісі үшін операция күнін айқындауы тиіс. Бұл түсіндірме Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Әділ құнды бағалау

Банк мұндай қаржы құралдарын, сауда және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар, туынды құралдар ретінде әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 25-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмай қалғанда, бұл активке немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Банк негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелуіне болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелуіне қабілетін назарға алады.

Банк мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төмендеуіне сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Банк оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Мойындау күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Банк активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаты

2018 жылдың I қаңтарынан бастап Банк өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құн;
- БЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Банк туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Банк өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаларын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қаржыландыру мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе Исламдық туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек, клиенттерге берілген қарыздар, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

2018 жылдың I қаңтарына дейін «Кредиттік ұйымдардағы қаражат», «Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек» және «Клиенттерге берілген қарыздар» баптарына белсенді нарықта бағасы белгіленбейтін, тиянақталған немесе айқындалатын төлемдермен туынды емес қаржы активтері жатады, мыналардан басқа:

- Банк дереу немесе таяу арада сатуға ниеттенгендерден басқа;
- Банк бастапқы мойындау кезінде өз қарауына қарай ПЗӘҚ бойынша бағаланған деп жіктегендерден немесе сату үшін қолда барлардан басқа;
- соларға қатысты Банк активтің несие сапасының нашарлауынан өзге себептермен, оның бастапқы инвестицияларының сомасынан едәуір аз соманы ала алатындардан басқа. Мұндай активтер сату үшін қолда бар деп жіктелді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек, клиенттерге берілген қарыздар, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар (жалғасы)

2018 жылдың I қаңтарынан бастап Банк кредиттік ұйымдардағы қаражатты, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті, клиенттерге берілген қарыздарды және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайданың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

Бизнес-модельді бағалау

Банк бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Банктің бизнес-модель бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына қалайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйақы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Банктің бизнес-модельін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельдің бағалануы «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескерместен, пайда болуы негізделген түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Банк үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Банк бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Банк шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайда есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады.

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Банк пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайда мөлшерлемесі белгіленген кезенді саралайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі) (жалғасы)

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай Банк жаңа санатты қолданып, егер келесі қос талап орындалатын болса, борыштық құралдарды БЖКӘҚ бойынша бағалайды:

- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы, сол сияқты қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шартты талаптары SPPI тестісінің критерийлерін орындайды.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар, кейіннен әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе зияндар басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен түскен түсім және пайда немесе зияндар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындай дәл осылайша пайда немесе зиян құрамында танылады. Мойындау тоқтатылғаннан кейін, бұрын басқа да жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе зиян басқа да жиынтық кіріс құрамынан пайда немесе зиян құрамына қайта жіктеледі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша КНЗ қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша бағалануын жалғастыратын бұл қаржы активтерінің баланстық құнын азайтпайды. Бұның орнына активті амортизацияланған құны бойынша бағалау кезінде құрылған күтілетін залалдардың бағалау резервіне тең болатын сома тиісті сомаларды пайда немесе зиян құрамында мойындай отырып құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде басқа да жиынтық кіріс құрамында танылады. Басқа да жиынтық кіріс құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активтің мойындалуы тоқтаған кезде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктеледі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Банк кейбір инвестициялар үлестік құралдарға бастапқы мойындалған кезде, оның күшін кейіннен айыру құқығынсыз, оларды БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» 32 ХҚЕС-сай (IAS) сай үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және саудаға арналмаса, шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен зияндар ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейді. Дивидендтер, Банк мұндай құралдың бастапқы құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян құрамында басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. БЖКӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Мұндай құралдар есептен шығарылған кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктер және несиелерді беру міндеттемелері

Банк қаржылық кепілдіктерді шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда қаржылық есептілікте әділ құны бойынша алынған сыйлықақы сомасында танылады. Бастапқы танылғаннан кейін Банк әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін пайда немесе зиян құрамында танылған жинақталған амортизацияны шегере отырып бастапқы танылған сомадан ең үлкен көлемі бойынша бағаланады – 37 ХҚЕС-ке (IAS) сай (2018 жылдың 1 қаңтарына дейін) – кепілдіктің нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттемені реттеуге қажетті шығындардың ең үздік есепті бағалау, немесе – 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай (2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап) – КНЗ бойынша бағалау резерві.

Қаржы құралдарын беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Банк клиентке күні бұрын аталған талаптарда қаржыландыруды беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттары жағдайындағыдай 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес мұндай құралдар бойынша резерв құрылды, егер олар ауыртпашылықты болса, дегенмен 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұндай міндеттемелерге қатысты КНЗ бағалауға қатысты талаптар қолданылады.

Орындау кепілдігі

Орындау кепілдіктері – егер басқа тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақыны беретін шарттар. Орындау кепілдігі несиелік тәуекелді бермейді. Орындау кепілдігі бар шарт бойынша тәуекел басқа тараптың шартта көзделген міндетті орындамау мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылады және сондықтан 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына жатпайды.

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге қарыздар

Клиенттерге қарыздар мен Исламдық қаржыландыру қызметі бойынша дебиторлық берешекке Мұрабаха шарттары бойынша дебиторлық берешек кіреді, – бұл тіркелген төлемдері бар, белсенді нарықта айналыста жүрмейтін туынды емес қаржы активтері. Ол дереу сатуға немесе таяу арада сатуға арналмаған, бірақ шарттық ақша ағындарын алуға арналған. Активтер пайданың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар мұндай активтер есептен шығарылған немесе құнсызданған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайдада немесе залалда көрсетіледі. Исламдық қаржыландыру қызметі бойынша дебиторлық берешек Мұрабаха шарттары бойынша түсімдерден тұрады. Мұрабаха шарттары бойынша дебиторлық берешек, құнсыздану резервін шегере отырып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Исламдық қаржыландыру қызметі екі кіріс көзінен қаржыландырылады: 1) Банктің баланста ескерілетін өз қаражаты; 2) Уакала және Мұдараба шарттары бойынша алынған қаражат. Уакала мен Мұдараба шарттарының талаптарына сай Банк тәуекел көтермейді және мұндай қаражат баланстан тыс баптар ретінде ескеріледі. Уакала мен Мұдараба шарттары мерзімінен бұрын бұзылған немесе олардың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, бұл активтерді өтеу мерзімдерінің ықтимал сәйкессіздігіне әкеп соқтыра алады, туындайтын дефицитті Банк өз қаражатының есебінен қаржыландыра алады және актив ретінде қаржылық жағдай туралы есепте ескеріле алады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді қайта жіктеу

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Банк қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін айрықша жағдайлардан басқа, қаржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар ҚРҰБ-дағы және басқа да банктердегі қаражат жатады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға кредиттік ұйымдардағы қаражат пен клиенттердің қаражаты кіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайданың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

Жалдау

Қаржылық жалдау – Банк жалға беруші ретінде

Банк жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімінің басталу күнінен бастап жалға жасалған таза инвестицияларға тең болатын сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс тұрақты кезеңді кірістілік нормасын таза инвестициялардың баланстық сомасына көрсететін нобай бойынша көрсетіледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына қосылады.

Операциялық жалдау – Банк жалдаушы ретінде

Мүлікті жалдау операциялық жал ретінде жіктеледі, әрі мұндайда жалға беруші жалдау нысанына меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде өзіне сақтап қалады. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде бірдей шығыстарға жатқызылады және өзге операциялық шығыстар құрамында ескеріледі.

Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды күшке ие болуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- міндеттемелер орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Қаржы құралдарын қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Банк қаржы құралдары бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, қаржыландырудың жаңа талаптарын келіседі.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Банк қаржы активін, мысалы, клиентке берілген қаржы құралын мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа қаржыландыруға айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде қаржы құралы, құрылған қаржы құралы сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиентке берілген қаржыландыруды мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Банк, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- қаржыландыру валютасының өзгеруі;
- қарсы агенттің өзгеруі;
- құрал бұдан былай SPPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне түрлендірілуі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы құралдарын қайта құрылымдау (жалғасы)

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Пайданың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Банк түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды, олар құнсыздандудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе зиян туралы есепте түрлендіруден болған шығыстарды шегере отырып кірістердің құрамында білдіріледі.

Мойындалудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Банк несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді несиелік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды. Актив түрлендірудің нәтижесінде несиелік-құнсызданған ретінде жіктелгеннен кейін ол 3-кезең құрамында кем дегенде 12 айлық сынақ кезеңінің бойына қалады. Қайта құрылымдалған қаржыландыруды 3-кезеңнен аудару үшін төлемдердің түрлендірілген кестесіне сәйкес барлық сынақ кезеңінің ішінде негізгі борыштың немесе пайданың елеусіз сомаларынан артық тұрақты төлемдер қажет.

Қаржы активтерінің 39 ХҚЕС (IAS) сай құнсыздануы

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін әрбір есепті күнге Банк қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті айғақтарының болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы шартты түрде активтің бастапқы мойындалуы болған сәттен бастап орын алған бір немесе бірнеше оқиғаның («залалға әкеп соқтыратын оқиға») нәтижесінде туындаған құнсызданудың объективті айғағы болғанда ғана құнсызданған деп айқындалды және залалға әкеп соқтыратын оқиға (немесе оқиғалар) көлемі сенімді түрде бағалануы мүмкін қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша есепті келешек ақша ағындарына әсерін тигізетін. Құнсыздану айғақтарына қарыз алушы немесе қарыз алушылар тобының айтарлықтай қаржылық қиындықтарының болуына, пайданы немесе негізгі борыш сомасын төлеу бойынша міндеттемелерді бұзуына, банкротқа ұшыраудың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдылығы, сондай-ақ есепті болашақ ақша ағындары сомасының азаюы, мысалы төлем мәртебесінің немесе активтер бойынша төлем жасамаумен ортақтастырылатын экономикалық жағдайлардағы өзгерістер туралы бақыланатын деректердің пайда болуы кіреді. Сату үшін колда бар қаржы құралдары жағдайында, инвестицияның әділ құны бастапқы құнынан төмен едәуір немесе ұзақ уақыт бойы төмендеуі құнсызданудың айғағы болып табылды.

Банк құнсызданудың объективті айғағының болуын дербес маңызды қаржы активтері бойынша немесе топтық негізде дербес маңызды болып табылмаған қаржы активтері бойынша дербес негізде бағалайды.

Құнсыздандудан болған залалдардың болуының объективті айғақтары болған жағдайда залал сомасы активтің баланстық құны мен пайданың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған есепті келешек ақша ағындарының (болмаған келешек күтілетін несие залалдарын қоспағанда) келтірілген құны арасындағы айырманы немесе инвестициялардың бастапқы құны мен сату үшін колда бар қаржы активтері жағдайында оның әділ құны арасындағы айырманы білдіреді. Активтің баланстық құны азайып, залал сомасы пайда немесе зиян құрамында танылды.

Түсім актив бойынша немесе сату үшін колда бар қаржы активтері жағдайында, құнсыздандудан болған залалды бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған пайда мөлшерлемесі бойынша пайыздың бастапқы тиімді мөлшерлемесінің негізінде төмендетілген баланстық құны бойынша есептелуін жалғастырды. Өтеудің нақты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Банкке берілген жағдайда, активтер мен тиісті резерв есептен шығарылды. Егер келесі жылы құнсыздандудан болған есепті залалдар сомасы құнсыздану залалдары танылғаннан кейін болған оқиғаларға байланысты азайса, бұрын танылған құнсыздану залалдарының сомасы пайда немесе зиян туралы есепте қалпына келтіріледі, сату үшін колда бар үлестік инвестицияларды, құнсыздандудан кейін басқа да жиынтық кірісте танылған әділ құнның ұлғаюын қоспағанда.

Құнсыздану белгілерінің болуын бірлесіп бағалау мақсатында қаржы активтері тәуекелдің актив түрі, мерзімі өткен берешектің мәртебесі және басқа да факторлар сияқты сипаттамалары ескеріле отырып топтарға бөлінеді.

9 ХҚЕС (IFRS) сай құнсыздануды бағалау туралы ақпарат *24-ескертпеде* көрсетілген.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануды доғарады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Банк активтен келетін ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағындарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Банк (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Егер Банк активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Банктің бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Банкке төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опцион (есебі нетто-негіздегі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша сатуға арналған опцион (опцион «пут») (есебі нетто-негіздегі ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал да кіреді) сатылған жағдайды қоспағанда, Банк өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опционның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

Есептен шығару

2018 жылдың I қаңтарынан бастап қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Банк олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінің көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару мойындауды тоқтатуға жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда болады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша мерзімі ұзартылған активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы жүзеге асырылу сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен шығынға да әсер етпейтін операция бойынша активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Салық салу (жалғасы)

Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер активті өткізу немесе күшіне енген немесе есепті күнге нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып міндеттемені реттеу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Банктің қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығыстары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Негізгі құралдардың баланстық құны мұндай активтің баланстық құнын өтеуге мүмкін болмайтындығына көрсететін жағдайларда өзгерістер немесе оқиғалар туындаған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Актив амортизациясы оны пайдалану мүмкін болған кезде басталады. Амортизация келесі есептік мөлшерлемелердің негізінде тік желілік тәсілмен есептеледі:

	<u>Амортизация мөлшерлемелері</u>
Компьютерлер және офистік жабдықтар	20-50%
Көлік құралдары	15-20%
Жиһаз	15-20%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және қайта салу шығыстары олардың туындауына қарай шығыстарға жатқызылады және капиталдандырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің нақты құны сатып алу күнгі әділ құнды білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе белгіленбеген мерзімі бар. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер 1-тен 7-ке дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясы кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында қайта қаралады.

Резервтер

Егер Банктің өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, резервтер танылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру және өзге де жеңілдіктер бойынша міндеттемелер

Банктің қызметкерлерге ағымдағы жалпы төлемдерден пайыз ретіндегі жұмыс берушінің ағымдық жарналарының есебі көзделетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа зейнетақылық қамсыздандырудың қосымша схемалары жоқ. Бұл шығыстар тиісті жалақы қатысты болатын есепті кезеңде көрсетіледі. Мұнымен қатар еңбек қызметі тоқтатылған соң Банктің қызметкерлер үшін айтарлықтай жеңілдіктері жоқ.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал құрамында бейнеленеді. Бизнесті біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығыстары осы эмиссиялар нәтижесінде алынған соманың кемітілуі ретінде капитал құрамында бейнеленеді. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы қосымша төленген капитал ретінде бейнеленеді.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, мұндайда соларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банк экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, кіріс танылады. Қаржылық есептілікте түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Қаржылық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

2018 жылдың I қаңтарынан бастап Банк амортизацияланған құн бойынша немесе несиелік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына пайданың тиімді мөлшерлемесін қолдана отырып, БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша түсімді есептейді (2018 жылдың I қаңтарына дейін: қаржы активтерінің амортизацияланған құнына пайданың тиімді мөлшерлемесін қолдана отырып). Пайданың тиімді мөлшерлемесі – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және пайданың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек несиелік шығындар ескерілмейді. Банк төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы пайыздың тиімді мөлшерлемесінің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Несиелік-құнсызданғанға айналатын қаржы активі болған жағдайда Банк пайданың тиімді мөлшерлемесін бұл қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып түсімді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай несиелік-құнсызданған болып табылмаса, Банк жалпы құнның негізінде түсімнің есептелуіне оралады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Қаржылық және ұқсас кірістер мен шығыстар (жалғасы)

СҚНҚ қаржы активтері болған жағдайда Банк пайыздық түсімді несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген пайданың тиімді мөлшерлемесін қаржы активінің амортизацияланған құнына колдана отырып есептейді. Несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген пайданың тиімді мөлшерлемесі – бұл бастапқы мойындау кезінде есепті келешек ақша ағындарын (несиелік залалдарды коса) СҚНҚ активтерінің амортизациялық құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

Комиссиялық кірістер

Банк клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер сол кезеңнің ішінде есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер мен кепілдіктердің берілгені үшін сыйақы кіреді. Қаржы құралын пайдалану ықтималдылығы үлкен болса, қаржы құралын беру бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар және қаржы құралын беруге байланысты өзге комиссиялар алдағы кезеңдерге жатқызылып (қаржы құралын беруге тікелей байланысты шығыстармен қатар), қаржы құралы бойынша пайданың тиімді мөлшерлемесінің түзетуі ретінде танылады.

Операцияларды жасау бойынша қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кірістер

Үшінші тараптың атынан операциялар жасау бойынша келіссөздер жүргізу немесе қатысу, мысалы Банктің орындалуға жататын міндеті акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу не бизнестерді сатып алу немесе сату кезінде келісім жасау үшін алынған комиссия, мұндай операция аяқталған соң танылады. Орындалуға жататын белгілі бір міндеттермен байланысты комиссиялық ақы (немесе комиссиялық ақының бір бөлігі) тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы өтемақы көзделген болса, комиссиялық кірістер ауыспалы өтемақыға тән болатын белгісіздікті кейіннен шешу кезінде түсімнің мойындалған жинақталған қорытынды сомасы айтарлықтай азаюы болатын деген жоғары дәрежеде ғана танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Банктің функционалдық валютасы мен есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») белгілеген және ҚРҰБ жариялаған айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кірістер – валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚҚБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің құрамына енгізіледі. 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында ҚҚБ-да белгіленген ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 384,2 теңгені және тиісінше 332,33 теңгені құрады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер

Төменде Банктің қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар келтіріледі. Банк, қажет болғанда, мұндай стандарттардың күшіне ену күніне оларды қабылдауға ниеттеніп отыр.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша қаржылық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен бірге, 2019 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуін талап етеді.

Банк 16 ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолдануды және бастапқы мойындау күніне 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданудың жиынтық әсерін мойындауды жоспарлап отыр. Банк стандартты 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмесін қолдана отырып жалдау ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға қатысты қолданады. Тиісінше, Банк стандартты 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмесін қолдана отырып жалдау белгілері бар шарттар ретінде бұрын сәйкестендірілмеген шарттарға қатысты қолданбайды.

Банк мерзімі бастапқы мойындалған күннен бастап 12 айдың ішінде өтетін жалдау шарттарына қатысты, сондай-ақ төмен құны бар базалық активтерді жалдау шарттарына қатысты стандартта ұсынылған жеңілдіктерді пайдаланады.

Банк 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын сандық бағалау процесінде болды, дегенен осы сәтке әсердің негізделген бағалауы қол жетімсіз болды.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» (жалғасы)

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым алғаш рет қолданылу күніне 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Банкке қатысты қолданылмайды.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайда нормалары мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастырмай;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтық баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтық баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікті анықтау нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Банк өз қызметін күрделі салық ортасында жүзеге асырмайтындықтан, түсіндіру Банктің қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» (SPPI тестісі) болып табылатындығы және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан SPPI тестісін қанағаттандыратындығын түсіндіреді.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2019 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс. Бұл түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым мыналарды істеуі тиіс екендігін түсіндіреді:

- белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындау;
- бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайда нормасының таза көлемін айқындау.

Сондай-ақ түзетулер, ұйым ең алдымен өткен кезеңдердегі қызметтердің құнын не болмаса активтің шекті көлемінің әсер етуін есепке алмастан, бұл бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеуден болған пайданы немесе зиянды айқындауы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл сома пайда немесе зиян құрамында танылады. Содан кейін ұйым бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін активтердің шекті көлемінің әсер етуін айқындауы тиіс. Пайда нормасының таза көлеміне қосылған сомаларды қоспағанда, мұндай әсердің кез келген өзгерісі басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Бұл түзетулер 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын алғашқы жылдық есепті кезең күніне немесе содан кейін орын алған бағдарламаның өзгеруіне, оның қысқартылуына немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің толық өтелуіне қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер, ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолданатындығын түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-те (IFRS) күтілетін несие залалдарының моделі қолданылады.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса «Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» 28 ХҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Банктің қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға мұндай ұзақ мерзімді салымдары жоқ болып шыққандықтан, бұл түзетулер оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар (2017 жылғы желтоқсанда шығарылды)

ХҚЕС-ке жетілдірулерге келесі түзетулер жатады:

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесстерді біріктіру»

Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнесстерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс.

Ұйым солардың күні 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын алғашқы жылдық есепті кезеңмен сай келетін немесе содан кейін басталатын бизнесстердің біріктірілуіне қатысты бұл түзетулерді қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерді Банк бизнесстердің келешек біріктірулеріне қолданылады.

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі.

Ұйым мұндай түзетулерді мәмілелерге қатысты қолдануы тиіс, солардың шеңберінде ол бірлескен бақылауға ие болады және солардың күні 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын алғашқы жылдық есепті кезеңмен сай келеді немесе содан кейін басталады. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қазіргі уақытта бұл түзетулер Банкке қолданылмайды, дегенмен олар келешекте мәмілелерге қолданыла алады.

12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Ұйым бұл түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезендерге қатысты қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс. Банктің ағымдағы практикасы түзетулердің талаптарына сәйкес келетіндіктен, Банк олар оның қаржылық есептілігіне қандай да бір әсерін тигізеді деп күтпейді.

23 ХҚЕС (IAS) «Қаржыландыру бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қаржыландыруды ортақ мақсаттарға арналған қаржыландырудың шеңберінде, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қаржыландыру бойынша шығындарға қатысты қолдануы тиіс. Ұйым бұл түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезендерге қатысты қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Банктің қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді деп күтілуде.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

5. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Банктің есепке алу саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтауға қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Күтілетін несиелер залалдары

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай, сол сияқты 39 ХҚЕС-ке (IAS) сай қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша залалдарды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, КНЗ айқындау және несиелер тәуекелінің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсыздандудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Банктің КНЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін КНЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Банк дефолт ықтималдылығын (PD) айқындау үшін пайдаланатын ішкі несиелік рейтингіні тағайындау жүйесі;
- Банк несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болғанын бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсыздандудың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін КНЗ-ға тең болатын сомада бағалануы тиіс және сапалы бағалау;
- солар бойынша КНЗ топшілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық көрсеткіштер мен экономикалық деректер, мысалға, ЖІӨ өсу деңгейі мен қарыз алушының қаржылық жағдайы, арасындағы өзара байланыстарды айқындау, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданылатын салықтарға қосылған құнға салынатын салық, корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік және басқа да салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану бойынша атқарушылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жоқ және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ған анықталды. Ведомстволар арасында, сондай-ақ бір ведомствоның ішінде ережелердің заңгерлік тұжырымдамасына қатысты түрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен кикілжің жағдайлар тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңи реттеудің басқа да салалары (мысалы, кеден және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы бірнеше ведомство бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салықтық заңнама жүйелері анағұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда Қазақстан Республикасында салықтық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін қалыптастырады.

Басшылық Банк оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

6. Ақша қаражаты мен оның баламалары

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Қолма-қол қаражат	193.922	54.516
ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы қаражат	87.884	264.311
Басқа банктердің ағымдағы шоттарындағы қаражат	1.554.980	871.999
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.836.786	1.190.826

Қазақстандық заңнамаға сәйкес Банк өзінің белгілі бір міндеттемелерінің пайызы ретінде есептелген міндетті резервтердің белгілі бір мөлшерін ұстап отыруға міндетті. Мұндай резервтер ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарында немесе ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражатының жиынтық сомасының орташа айлық қалдықтары мөлшерінде қолма-қол ақша массасында немесе резервтерді қалыптастыру кезеңінде ұлттық немесе шетелдік валюталарда қолма-қол ақша қаражатында болуы тиіс. Бұған қарамастан, Банк өзінің күнделікті қызметі үшін бұл қаражатты пайдалануда шектелмеген.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

6. Ақша қаражаты мен оның баламалары (жалғасы)

2018 жылдың 31 желтоқсанына мұндай міндетті резервтер 75.609 мың теңге (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 38.997 мың теңге) болды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары құнсызданған, мерзімі өткен болып табылмайды.

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек

31 желтоқсанға Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекке келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік	13.687.007	11.330.653
Кард Хассан	6.110	22.615
Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік	1.691	2.979
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің жиыны	13.694.808	11.356.247
Құнсызданудың бағалау резервін шегере отырып	(1.807.961)	(1.381.829)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	11.886.847	9.974.418

2017 жылы Банк дәстүрлі банктен Исламдық банкке айналу процедурасын аяқтады. Исламдық банк үлгісіне өту нәтижесінде, клиенттерге берілген қарыздардың 90% астамы Исламдық банк өнімдеріне (Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік және бөлшек бөлік, және Кард Хассан сияқтылар).

2018 жылы соларға қатысты 184.674 мың теңге сомасында құнсызданудың бағалау резерві танылған 802.971 мың теңге жалпы баланстық құнымен клиенттерге берілген қарыздар Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің құрамына аударылды (8-ескертпе).

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің пайда нормасы жылдық 8,0%-17,6% болды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: жылдық 5,5%-16,0%), оларды өтеу мерзімі 2019-2028 жылдары орын алады (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 2018-2024 жылдары).

Құнсызданудың бағалау резерві

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	1.879.980	5.969.090	3.481.583	11.330.653
Жаңадан құрылған активтер	5.650.011	–	–	5.650.011
Өтелген активтер	(653.530)	(2.676.729)	(752.817)	(4.083.076)
1-кезеңге аудару	327.648	(327.648)	–	–
2-кезеңге аудару	(6.745.909)	7.097.043	(351.134)	–
3-кезеңге аудару	–	(4.070.938)	4.070.938	–
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(13.552)	(13.552)
Клиенттерге берілген қарыздардан аудару (8-ескертпе)	–	802.971	–	802.971
2018 жылдың 31 желтоқсанына	458.200	6.793.789	6.435.018	13.687.007

Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	(413)	(47.315)	(1.715.586)	(1.763.314)
Жаңадан құрылған активтер	(11.608)	–	–	(11.608)
Өтелген активтер	1.244	57.706	751.984	810.934
1-кезеңге аудару	(7.287)	7.287	–	–
2-кезеңге аудару	22.499	(35.799)	13.300	–
3-кезеңге аудару	–	180.314	(180.314)	–
Бір жылғы резервтің таза өзгеруі	(5.419)	(308.175)	(543.409)	(857.003)
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	13.552	13.552
Клиенттерге берілген қарыздардан аудару (8-ескертпе)	–	(481)	–	(481)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	(984)	(146.463)	(1.660.473)	(1.807.920)

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**Құнсызданудың бағалау резерві (жалғасы)**

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Кард Хассан бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

<i>Кард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	22.615	–	–	22.615
Өтелген активтер	(16.505)	–	–	(16.505)
2-кезеңге аудару	(4.296)	4.296	–	–
3-кезеңге аудару	–	(3.965)	3.965	–
2018 жылдың 31 желтоқсанына	1.814	331	3.965	6.110

<i>Кард Хассан</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	(64)	–	–	(64)
Өтелген активтер	33	–	–	33
2-кезеңге аудару	12	(12)	–	–
3-кезеңге аудару	–	11	(11)	–
2018 жылдың 31 желтоқсанына	(19)	(1)	(11)	(31)

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

<i>Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	2.979	–	–	2.979
Өтелген активтер	(1.288)	–	–	(1.288)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	1.691	–	–	1.691

<i>Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	(14)	–	–	(14)
Өтелген активтер	4	–	–	4
2018 жылдың 31 желтоқсанына	(10)	–	–	(10)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану резервінің өзгеруін талдау көрсетілген:

	<i>Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек</i>
2017 жылдың 1 қаңтарына	–
Бір жылға есептеу	(1.378.458)
Бағамдық айырма	(3.371)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(1.381.829)

Исламдық қаржыландыру бойынша түрлендірілген және қайта құрылымдалған дебиторлық берешек

Банк қаржы активін, мысалы, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекті мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа қаржы құралына айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек бастапқыда танылған кезде, Исламдық қаржыландыру бойынша құрылған дебиторлық берешек СҚНҚ активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады.

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Пайданың бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Банк құнсызданудан болған залал мойындалғанға дейін түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

7. Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**Исламдық қаржыландыру бойынша түрлендірілген және қайта құрылымдалған дебиторлық берешек (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2-кезеңнің және 3-кезеңнің активтері көрсетілген, солар бойынша талаптар кезең ішінде қайта қаралып, нәтижесінде Банк түрлендіруден шеккен тиісті залалдарды көрсете отырып қайта құрылымдалған ретінде ескеріледі.

2018 жыл**Кезең ішінде түрлендірілген Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек**

Түрлендіруге дейінгі амортизацияланған құны

5.138.652

Түрлендіруден болған таза залал

(13.552)**Қамтамасыз ету және несие сапасын арттырудың басқа тетіктері**

Банк берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі қарсы агенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша дебиторлық берешек жылжымайтын мүлікпен, жылжымалы мүлікпен, тауар-материалдық қорлармен, корпоративтік кепілдіктермен және ақшалай депозиттермен қамтамасыз етілген. Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша дебиторлық берешектің құнсыздану шығындарына бағалау резервінің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

Қамсыздандыру немесе несие сапасын арттырудың өзге тетіктері болмағанда 2018 жылдың 31 желтоқсанына 3-кезең Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек бойынша КНЗ мыналардан жоғары болар еді:

2018 жыл

Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік

3.124.118

Кард Хассан

3.945**3.128.063****Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы**

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің шарттары бойынша үш қарсы агенті бар, солар бойынша қалдықтар меншікті капиталдың 10%-нан астамын құрайды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қалдықтар бойынша жиынтық көлем 4.736.020 мың теңге болды (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 5.087.930 мың теңге). Бұл дебиторлық берешек бойынша 530.331 мың теңге (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 882.812 мың теңге) мөлшерінде құнсыздандырудың бағалау резерві танылды.

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек Қазақстан Республикасында мына салаларда шоғырланады:

	2018 жыл	2017 жыл
Құрылыс және қызмет көрсету	2.990.361	2.868.949
Сауда кәсіпорындары	2.341.626	2.390.571
Машина жасау	1.692.639	1.464.340
Өнеркәсіптік өндіріс	1.669.241	208.215
Қызметтер	1.251.878	483.164
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнеркәсібі	673.986	793.086
Көлік	573.198	1.057.734
Металл бұйымдарын өндіру	437.537	411.453
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	7.760	25.594
Басқасы	248.621	271.312
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	11.886.847	9.974.418

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

8. Клиенттерге берілген қарыздар

31 желтоқсанға клиенттерге берілетін қарыздарға келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Коммерциялық кредиттеу	62.561	1.213.106
Жеке кәсіпкерлерді кредиттеу	–	8.844
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген қарыздардың жиыны	62.561	1.221.950
Құнсыздандудың бағалау резервін шегере отырып	(17.754)	(344.303)
Клиенттерге берілген қарыздар	44.807	877.647

Құнсыздандудың бағалау резерві

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін коммерциялық несиелендіру бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

Коммерциялық кредиттеу	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	802.971	418.979	1.221.950
Өтелген активтер	–	(347.622)	(347.622)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекке аудару (7-ескертпе)	(802.971)	–	(802.971)
Есептен шығарылған сомалар	–	(8.796)	(8.796)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	–	62.561	62.561

Коммерциялық кредиттеу	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	(481)	(180.711)	(181.192)
Өтелген активтер	–	205.526	205.526
Бір жылғы резервтің таза өзгеруі	–	(51.365)	(51.365)
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешекке аудару (7-ескертпе)	481	–	481
Есептен шығарылған сомалар	–	8.796	8.796
2018 жылдың 31 желтоқсанына	–	(17.754)	(17.754)

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін несиелік портфельдің құнсызданду резервінің өзгеруін талдау көрсетілген:

	Коммерциялық кредиттеу	Жеке кәсіпкерлерді кредиттеу	Жиыны
2017 жылдың 1 қаңтарына	(1.434.222)	(59.041)	(1.493.263)
Бір жылда қайтарылуы	1.093.865	55.095	1.148.960
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(340.357)	(3.946)	(344.303)

Қамтамасыз ету және несие сапасын арттырудың басқа тетіктері

Банк берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі қарсы агенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- Коммерциялық кредиттеу кезінде – жылжымайтын мүлік, өндірістік жабдық пен тауар-материалдық қорлар және басқалар кепілі.
- Жеке тұлғаларды кредиттеу кезінде – тұрғын жылжымалы мүліктің кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсызданду шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

8. Клиенттерге берілген қарыздар (жалғасы)**Қамтамасыз ету және несиелік сапасын арттырудың басқа тетіктері (жалғасы)**

Қамсыздандыру немесе несиелік сапасын арттырудың өзге тетіктері болмағанда 2018 жылдың 31 желтоқсанына 3-кезең несиелері бойынша КНЗ ретінде мыналардан жоғары болар еді:

	<u>2018 жыл</u>
Клиенттерге берілген қарыздар	<u>44.807</u>
	<u>44.807</u>

Клиенттерге берілген қарыздардың шоғырлануы

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің клиенттерге берілген қарыздары бойынша қарсы агенттері жоқ, солар бойынша қалдықтар капиталдың 10%-нан астамын құрады.

Қарыздар Қазақстан Республикасында экономиканың келесі секторларында қызмет атқаратын клиенттерге берілген:

	<u>2018 жыл</u>	<u>2017 жыл</u>
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнеркәсібі	44.807	32.580
Машина жасау	-	406.714
Қызметтер	-	298.406
Сауда кәсіпорындары	-	135.048
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	-	4.899
	<u>44.807</u>	<u>877.647</u>

9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек талдауы былайша көрсетілген:

	<u>2017 жыл</u>	
	<u>Астам емес 1 жыл</u>	<u>Жиыны</u>
Қаржылық жалдауға салынған инвестициялардың жалпы сомасы	41.272	41.272
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кірісі	(371)	(371)
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	40.901	40.901
2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	<u>40.901</u>	<u>40.901</u>

Құнсыздандудың бағалау резерві

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша КНЗ-ға тиісті резервінің талдауы келтірілген:

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	<u>3-кезең</u>	<u>Жиыны</u>
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	40.901	40.901
Есептен шығарылған сомалар	(40.901)	(40.901)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	<u>-</u>	<u>-</u>

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	<u>3-кезең</u>	<u>Жиыны</u>
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	(20.450)	(20.450)
Бір жылғы резервтің таза өзгеруі	(20.451)	(20.451)
Есептен шығарылған сомалар	40.901	40.901
2018 жылдың 31 желтоқсанына	<u>-</u>	<u>-</u>

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

10. Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар

Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар Банктің Уакала және Мұдараба пулдарының есебінен қаржыландырылатын активтерге инвестицияларын білдіреді және пулды бөлу әрі қаржыландыру ережелерімен реттеледі. Тиісті депозиттердің мерзімінен бұрын бұзылуының немесе өтелуінің салдарынан активтердің құны мен салымшылардың инвестициялық депозиттерінің арасындағы ықтимал сәйкессіздікті ескере отырып, пулда туындайтын мұндай дефицит Банктің өз қаражатының есебінен қаржыландырыла алады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Уакала және Мұдараба пулдарына салынған инвестициялардың баланстық құны 756.247 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 1.062.300 мың теңге) болды.

11. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

	<i>Компьютерлер және офистік жабдықтар</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Жиһаз</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құн				
2016 жылдың 31 желтоқсанына	38.684	6.584	15.819	61.087
Түсімдер	12.301	—	5.922	18.223
Шығару	(7.367)	—	(2.768)	(10.135)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	43.618	6.584	18.973	69.175
Түсімдер	2.340	—	7.446	9.786
Шығару	(24.616)	(6.584)	(10.980)	(42.180)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	21.342	—	15.439	36.781
Жинақталған тозу				
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(24.955)	(4.719)	(9.184)	(38.858)
Бір жылға есептеу	(9.899)	(1.317)	(4.348)	(15.564)
Шығару	7.368	—	2.539	9.907
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(27.486)	(6.036)	(10.993)	(44.515)
Бір жылға есептеу	(7.679)	(548)	(3.432)	(11.659)
Шығару	24.616	6.584	10.862	42.062
2018 жылдың 31 желтоқсанына	(10.549)	—	(3.563)	(14.112)
Қалдық құны				
2016 жылдың 31 желтоқсанына	13.729	1.865	6.635	22.229
2017 жылдың 31 желтоқсанына	16.132	548	7.980	24.660
2018 жылдың 31 желтоқсанына	10.793	—	11.876	22.669

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

12. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы былайша көрсетілген:

	Бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар
Бастапқы құны	
2016 жылдың 31 желтоқсанына	47.486
Түсімдер	3.301
Шығару	(23.718)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	27.069
Түсімдер	-
Есептен шығару	(4.000)
2018 жылдың 31 желтоқсанына	23.069
Жинақталған амортизация	
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(32.700)
Бір жылға есептеу	(7.983)
Шығару	23.717
2017 жылдың 31 желтоқсанына	(16.966)
Бір жылға есептеу	(4.539)
Шығару	4.000
2018 жылдың 31 желтоқсанына	(17.505)
Қалдық құны	
2016 жылдың 31 желтоқсанына	14.786
2017 жылдың 31 желтоқсанына	10.103
2018 жылдың 31 желтоқсанына	5.564

13. Қорлар

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қорларға қарыздарды төлеу бойынша Банктің алдында өз міндеттемелерін орындамаған қарыз алушылардан Банк өндіріп алған жылжымайтын мүлік кіреді.

14. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	110.896	163.210
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – уақыт айырмаларының туындауы және қалпына келуі	60.401	12.113
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	171.297	175.323

Банктің кірісіне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2018 және 2017 жылдары корпоративтік табыс салығының қолданылатын мөлшерлемесін 20,0% құрайды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы корпоративті табыс салығы бойынша Банк активтері 53.621 мың теңгені құрайды (2017 жылдың 31 желтоқсанына: 4.981 мың теңге).

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

14. Салық салу (жалғасы)

Осы қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып тексеру былайша болды:

	2018 жыл	2017 жыл
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда	692.964	869.796
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	138.593	173.959
Салық салынбайтын кірістер		
Есептен шығарылмайтын несиелік залалдар бойынша шығыстар	13.250	-
Есепке жатқызылмайтын әкімшілік шығыстар	3.746	1.377
Қаржылық жалдау бойынша салық салынбайтын кіріс	-	(13)
Есепке жатқызылмайтын басқа да шығыстар	15.708	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	171.297	175.323

31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына келесі позициялар жатады:

	<i>Пайданың немесе зиянның құрамында уақыт айырмаларының пайда болуы</i>		<i>Пайданың немесе зиянның құрамында уақыт айырмаларының пайда болуы</i>			
	2016 жыл	және азаюы	2017 жыл	9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың әсері (4-ескертпе)	2018 жыл	
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері						
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	-	15.708	15.708	76.312	(92.020)	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	1.676	1.202	2.878	-	501	3.379
Еңбекақыны төлеу қоры бойынша есептеу	3.809	(1.109)	2.700	-	(1.982)	718
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша шығыстарды есептеу	2.027	(433)	1.594	-	(141)	1.453
Кәсіби қызметтер бойынша шығыстарды есептеу	1.086	109	1.195	-	620	1.815
Басқа салықтар	-	213	213	-	(1)	212
Басқаларға берілген қарыздар бойынша дебиторлық берешек	28.003	(28.003)	-	-	-	-
Мерзімді депозиттер	99	(99)	-	-	-	-
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	36.700	(12.412)	24.288	76.312	(93.023)	7.577
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері						
Клиенттерге берілген қарыздар	(299)	299	-	(32.622)	32.622	-
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	(299)	299	-	(32.622)	32.622	-
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза актив/ (міндеттеме)	36.401	(12.113)	24.288	43.690	(60.401)	7.577

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

15. Басқа да активтер мен міндеттемелер

31 желтоқсанға басқа активтерге келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Бағдарламалық жасақтама мен ақпараттық және кеңес беру қызметтері үшін алдын ала төлем	207.492	85.338
Тауарлар мен қызметтер үшін алдын ала төлем	15.528	9.323
Алынуға жататын комиссиялық ақылар	6.966	7.211
Басқасы	14.541	10.406
Басқа да активтер	244.527	112.278

31 желтоқсанға басқа міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Кәсіби қызметтер үшін кредиторлық берешек	9.080	5.975
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша кредиторлар	8.967	—
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	7.264	7.969
Қызметкерлердің алдындағы берешек	3.592	13.500
Басқасы	13.180	7.048
Басқа да міндеттемелер	42.083	34.492

16. Кредиттік мекемелердегі қаражат

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражатына 545.869 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 564.471 мың теңге) және тиісінше 31.296 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 31.295 мың теңге) шетелдік банктер мен Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясының ағымдағы шоттары жатады.

17. Клиенттердің қаражаты

31 желтоқсанға клиенттердің қаражатына келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Ағымдағы шоттар	1.685.015	516.080
Мерзімді депозиттер	67.582	31.582
Клиенттердің қаражаты	1.752.597	547.662

Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын (20-ескертпе)

66.000 30.000

2018 жылдың 31 желтоқсанына 1.428.417 мың теңге (клиенттер қаражатының жалпы сомасының 81,5%) мөлшеріндегі клиенттердің қаражаты ірі он клиенттің қаражатын білдіреді (2017 жылғы 31 желтоқсанға: 497.100 мың теңге (клиенттер қаражатының жалпы сомасының 90,8%)).

31 желтоқсанға клиенттердің қаражатына келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Ағымдағы шоттар		
Жеке кәсіпорындар	1.674.400	494.782
Жеке тұлғалар	10.615	21.298
	1.685.015	516.080
Мерзімді депозиттер		
Жеке кәсіпорындар	67.582	31.582
	67.582	31.582
Клиенттердің қаражаты	1.752.597	547.662

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

17. Клиенттердің қаражаты (жалғасы)

Төменде экономика салалары бойынша клиенттер қаражатының бөлінуі келтірілген:

	<u>2018 жыл</u>	<u>2017 жыл</u>
Сауда	1.447.699	220.542
Құрылыс	151.529	56.907
Энергетика	68.166	94.768
Жеке тұлғалар	10.615	21.298
Көлік және байланыс	9.777	27.195
Өнеркәсіптік өндіріс	8.344	7.129
Ауыл шаруашылығы	6.831	2.652
Қаржылық жалдау	3.620	6.445
Отын өнеркәсібі	2.076	106.309
Басқасы	43.940	4.417
Клиенттердің қаражаты	1.752.597	547.662

18. Меншікті капитал

2018, 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жай акцияларының жалпы саны 10.000.000 акция болды. Акцияларды орналастыру құны бір жай акция үшін 1.005 теңге болды.

Банктің жарғылық капиталын акционерлер теңгемен салды әрі олардың дивидендтерге және капиталдағы теңгемен болатын кез келген бөлулерге құқығы бар. Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. 2018 және 2017 жылдары дивидендтер есептелген жоқ және төленген жоқ.

19. Шарттық және шартты міндеттемелер

Саяси және экономикалық жағдайлар

Қазақстан Республикасында экономикалық реформалар мен нарықтық экономиканың талаптарына жауап бере алатын құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2018 жылы, сол сияқты 2017 жылы мұнай бағасы мен теңгенің айырбастау бағамының құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізуін жалғастыруда. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздікке әкеп соқтырды, бұл Банктің қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Банк басшылығы ағымдағы жағдайларда Банктің экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Сот шағымдары мен талаптары

Банк іскерлік операциялармен байланысты түрлі сот талқылауларының елеулетті нысанасы болып табылады. Банк жеке немесе жиынтық түрде қанағаттандырылмаған немесе қауіп төндіретін талаптардың мұндай түрлерінің Банктің қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі кері әсерін тигізу ықтималдылығы бар деп санамайды.

Банк жекелеген міндеттемелер нәтижесінде туындайтын елеулі міндеттемелер ықтималдылығын бағалап, міндеттеменің туындау себебі болған оқиғалардың орын алу ықтималдылығы болған және міндеттеме сомасы жеткілікті дәрежедегі нақтылықпен есептелуі мүмкін болған кезде ғана қаржылық есептілігінде резервтер құрады. Банк жоғарыда сипатталған қандай да бір шартты міндеттеме бойынша осы қаржылық есептілікте резервті құрмады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

19. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**Болжанбаған салық төлемдері**

Түрлі заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің ережелері үнемі нақты тұжырымдала бермейді және олардың интерпретациясы жергілікті салық органдарының инспекторлары мен Қаржы министрлігінің лауазымды тұлғаларының пікіріне тәуелді болады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазақстан заңдарын, қаулыларын және тиісті нормативтік-құқықтық актілерін мәлімделген немесе табылған бұзушылықтардың қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өте қатал. Айыппұл санкцияларына даулы соманы тәркілеу (валюталық заңнаманы бұзғаны үшін), сондай-ақ, әдетте, төленбеген салықтар сомасының 50%-ы мөлшеріндегі айыппұлдар кіреді.

Банк қолданылатын бүкіл салық төленді немесе есептелді деп санайды. Түсініксіз жағдайларда Банк салықтық міндеттемелерді басшылықтың негізделген бағалауы негізінде есептеді. Банктің саясаты резервтерді шығын ықтималдылығы бар есепті кезеңде тануды көздейді және оның сомасы жеткілікті дәрежедегі нақтылықпен анықталуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2018 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Мұндай соманы есептеу мүмкіндігі мен олардың әлеуетті маңызды сипатына қарамастан, Банк басшылығы не олардың болу ықтималдығы аз, не бағалау мүмкін емес, не екеуі де бір мезгілде болуы мүмкін деп санайды.

Шарттық және шартты міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық сипаттағы шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	<i>2018 жыл</i>	<i>2017 жыл</i>
Несие сипатындағы міндеттемелер		
Шығарылған кепілдіктер	1.392.324	526.119
Қаржы құралдарын беру міндеттемелері	300.989	—
	1.693.313	526.119
Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер		
1 жылдан кем	132.892	59.089
	132.892	59.089
Шарттық және шартты міндеттемелер	1.826.205	585.208
Шығарылған кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын клиенттердің қаражаты	(66.000)	(30.000)
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша КНЗ бағалау резерві	(58.711)	(49.564)

Қаржыландыруды беру бойынша міндеттеме жөніндегі келісімде Банктің, қарыз алушылардың тарапынан келісімді бұзу жағдайларын, қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын және басқа да талаптарды қоса алғанда, Банк үшін кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығы көзделген.

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ бағалау резервінің талдауы келтірілген:

Шығарылған кепілдіктер	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ	430	91	49.043	49.564
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	403	6.851	1.893	9.147
2018 жылдың 31 желтоқсанына	833	6.942	50.936	58.711

Төменде 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін құнсыздану резервінің салыстыруы келтірілген:

	Шығарылған кепілдіктер
2016 жылдың 31 желтоқсанына	173.062
Бір жылда қайтарылуы	(123.498)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	49.564

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

19. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**Сенімгерлік басқару операциялары**

Банк Уакала келісімдері бойынша түскен қаражатты инвестициялау кезінде агент ретінде болып, Мұдараба келісімдері бойынша Мұдариб ретінде іс-қимыл жасайды:

	2018 жыл	2017 жыл
Мұдараба		
1 қаңтарға Мұдараба депозиттерінің пайдаланылмаған бөлігі	-	-
алынған Мұдараба депозиттері	3.209.688	1.098.000
Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша инвестициялау үшін пайдаланылған сома	(3.202.972)	(1.098.000)
31 желтоқсанға Мұдараба депозиттерінің пайдаланылмаған бөлігі	6.716	-
Исламдық қаржыландыру шарттары бойынша есептелген пайда	131.496	-
Уакала мен Мұдараба депозиті бойынша клиенттерге тиесілі пайда	27.140	-

Банк, депозиттер заңсыз әрекеттердің, салақтықтың немесе Банкпен келісілген талаптарды бұзудың нәтижесінде жоғалып қалған жағдайларын қоспағанда, Уакала мен Мұдараба депозиттерінің пайдаланылған бөлігі үшін тәуекел көтермейді және мұндай жағдайда осындай шығындарды Банк көтереді. Клиенттерге тиесілі пайдаға, сондай-ақ салымшылардың пайдасы бойынша резерв және мұндай резервтер бойынша тиесілі Зәкят кіреді. Банк бұл Зәкятті салымшылардың атынан төлеп отырды.

20. Несиелік залалдар бойынша кірістер/(шығыстар)

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша КНЗ шығыстары көрсетілген:

	<i>Ескерт.</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7	(15.746)	(250.469)	222.127	(44.088)
Клиенттерге берілген қарыздар	8	-	-	154.161	154.161
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	9	-	-	(20.451)	(20.451)
Несие сипатындағы міндеттемелер	19	(9.147)	-	-	(9.147)
		(24.893)	(250.469)	355.837	80.475

21. Таза комиссиялық кіріс

Таза комиссиялық кіріске келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Уакала келісімдері бойынша агенттік комиссия мен сыйақы және Мұдараба шарттары бойынша пайдадағы Мұдариба үлесі	104.356	-
Шығарылған кепілдіктер	88.962	35.393
Аударым операциялары	39.725	8.146
Кассалық операциялар	12.994	16.216
Клиенттердің шоттарын жүргізу	2.154	1.512
Валютаны айырбастау операциялары	-	1.897
Басқасы	14.824	2.494
Комиссиялық кірістер	263.015	65.658
Аударым операциялары	(16.415)	(8.309)
Кассалық операциялар	(2.678)	(6.052)
Комиссиялық шығыстар	(19.093)	(14.361)
Таза комиссиялық кіріс	243.922	51.297

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

22. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар)

Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістерге/(шығыстарға) келесі позициялар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Шығыстарды шегере отырып, валюта баптарын қайта бағалаудан болған кірістер	28.176	(36.017)
Шығыстарды шегере отырып, сауда операцияларынан болған кірістер	66.951	20.672
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығыстар)	95.127	(15.345)

23. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамының шығыстары мен басқа да операциялық шығыстарға мыналар кіреді:

	2018 жыл	2017 жыл
Жалақы және сыйлықақылар	202.490	180.780
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	23.698	22.172
Қызметкерлер құрамының шығыстары	226.188	202.952
Жалдау	132.892	59.089
Кәсіби қызметтер	63.119	41.708
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	27.152	5.268
Коммуналдық қызметтер	24.192	4.844
Жарнама және маркетинг	23.089	3.432
Күзет қызметтері	23.026	11.703
Тозу және амортизация (11, 12-ескертпе)	16.198	23.547
Бағдарламалық жасақтамаға техникалық қолдау көрсету	14.652	23.024
Іссапар шығыстары	14.046	9.269
Байланыс қызметтері	6.570	6.789
Көлік шығыстары	4.447	3.855
Табыс салығынан басқа салықтар	4.094	7.929
Офистік керек-жарақтар	1.752	1.121
Инкассациялау	1.427	220
Өкілдік шығыстары	959	729
«Қазақстанның салымдарды сақтандыру қоры» АҚ жарна	—	3.248
Басқасы	39.454	37.980
Басқа да операциялық шығыстар	397.069	243.755

24. Тәуекелдерді басқару**Кіріспесі**

Банк қызметіне тәуекелдер тән. Банк анықтау, бағалау және бақылаудың үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Банктің тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Банктің әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Банк несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырағыш. Банк, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де ұшырағыш.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Банк мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару процесіне Банк тұрақты негізде жүзеге асыратын тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, бақылау және шектеу шаралары жатады.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Басқарма

Басқарманың міндеті Банктегі тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті (бұдан әрі мәтін бойынша – «АПБК») тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеу және тәуекелдер қағидатын, тұжырымдамасын, саясаты мен лимиттерін ендіру үшін жалпы жауапкершілікті көтереді. Ол өтімділіктің фундаменталды тәуекелдері жөніндегі мәселелер үшін жауап береді және тәуекелдер бойынша тиісті шешімдерді басқарып, мониторинг жүргізеді.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі бақылаудың тәуелсіз үрдісін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты процедураларды енгізу мен жүргізуге жауап береді.

Бөлімше қызметінің негізгі мақсаты Банк жүргізетін операциялардың түрі мен көлемін ескере отырып Банктің тәуекелдерін тиімді анықтауды, бағалауды және шектеуді қамтамасыз ететін тәуекелдерді анықтау әрі бақылау әдістерін қолдануды көздейтін Банктің тәуекелдерін тиімді басқару жүйесін құру және оның қызмет етуі болып табылады. Бұл бөлімше, сондай-ақ тәуекелді бағалау және тәуекелдер туралы есептілік жүйесінде толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді.

Банк қазынашылығы

Банк қазынашылығы Банктің активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Банктің өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілікті қазынашылық көтереді.

Ішкі аудит

Банкте өтетін тәуекелдерді басқару үрдістеріне ішкі аудит бөлімі жыл сайын аудит жүргізеді, ол процедуралардың жеткіліктілігін, сонымен қатар Банктің бұл процедураларды орындауын тексереді. Ішкі аудит бөлімшесі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Банктің Директорлар кеңесіне тікелей береді.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Банк тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылықтардың мәндері қолданылады. Банк, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Банк белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Банк қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ банк қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді. Мұнымен қоса, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, АПБК және әрбір бөлімшенің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын салалар, клиенттер мен географиялық аймақтар бөлігінде тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынады. Ай сайын несиелік комитет несиелік шығындарға резервтерді құру қажеттілігін айқындайды. Токсан сайын Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады, әрі онда Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

Банктің барлық деңгейлеріне Банктің барлық бөлімшелерін жан-жақты, қажетті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы түрлі есептер жасалады.

Белгіленген шектерді ұстап тұру, өтімділік, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер талқыланатын Басқарманың және Банктің өзге де қызметкерлерінің шағын жиналыстары күн сайын өткізіледі.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелді азайту

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Банк пайда мөлшерлемелеріндегі, айырбас бағамдарындағы, несиелік тәуекелдегі өзгерістердің салдарынан туындайтын тәуекелдерге, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Банк өзінің несиелік тәуекелін азайту үшін қамтамасыз етуді белсенді түрде қолданады (қосымша ақпарат төменде ашып көрсетілген).

Тәуекелдің аса шоғырлануы

Тәуекелдердің шоғырлануы бірқатар қарсы агенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілгенде немесе қарсы агенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болғанда туындайды және экономикалық, саяси және басқа да шарттардың өзгеруі нәтижесінде осы қарсы агенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне сол тәрізді ықпал етеді. Тәуекелдің шоғырлануы Банк қызметі нәтижелерінің белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін шарттардағы өзгерістерге салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Банктің саясаты мен процедураларына әртараптандырылған қоржынды қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Несиелік тәуекелдің белгіленген шоғырлануымен басқарылады және бақыланады.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Банктің клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Банк несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Банк қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Қарсы агенттер бойынша шектер әрбір қарсы агентке несиелік рейтинг беретін несиелік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып анықталды. Рейтингтер тұрақты түрде қайта қарастырылып отырады. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Банкке өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

Несиелік сипаттағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер

Банк өз клиенттеріне кепілдіктерді алу мүмкіндігін береді, әрі солар бойынша Банктің клиенттердің алдында төлемдерді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер кепілдіктер мен аккредитивтерді ұсыну шарттарына сәйкес Банктің мұндай төлемдерін өтейді. Банк көрсетілген шарттар бойынша қаржыландыру бойынша тәуекелдерге ұқсас болатын және тәуекелдерді бақылау процедуралары мен саясаттарының көмегімен азаятын тәуекелдерді көтереді.

Өзара есептесу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын ескерместен қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір класы бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілді. Қамтамасыз етудің және тәуекелді азайтудың өзге әдістерінің әсері «Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек» 7-ескертпеде, «Клиенттерге берілген қарыздар» 8-ескертпеде және «Шарттық және шартты міндеттемелер» 19-ескертпеде келтірілген.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау

2018 жылдың I қаңтарынан бастап Банк КНЗ-ны тиімді пайда мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатын жеткіліксіз алуын бағалау үшін ықтималдылықты ескере отырып алынған бірнеше сценарийдің негізінде есептейді. Ақша қаражатын жеткілікті алмау – ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен ұйым алынуын күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма. КНЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болып табылады:

Дефолт ықтималдылығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдылығы (PD)</i> белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдылығының есепті бағалауын білдіреді. Дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алуы мүмкін, егер активтің мойындалуы тоқтамаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD)	<i>Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем</i> , шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген қарыздар мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі</i> белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдардың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ақша ағындарының арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD-қа қатысты пайыздармен білдіріледі.

КНЗ бағалау резерві пайда болуы активтің қолданылу мерзімінің бойынша күтілетін (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдары немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ) несиелік залалдарының негізінде есептеледі, егер бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайса, өйтпеген жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін несиелік залалдарына (12 айлық КНЗ) тең болатын сомада есептеледі. 12-айлық КНЗ – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын КНЗ білдіретін бүкіл мерзім үшін КНЗ бір бөлігі. Бүкіл мерзім үшін КНЗ мен 12-айлық КНЗ дербес негізде, не болмаса қаржы құралдары базалық портфельінің сипатына қарай топтық негізде есептеледі.

Банк қаржы құралы қолданылуының қалған мерзімінің бойына дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін есепке алу арқылы, қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болуына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыруға арналған саясатты әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Банк ол берген несиелерді келесі топтарға біріктіреді:

1-кезең:	Қаржы құралы бастапқыда танылған кезде Банк 12-айлық КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. 1-кезеңге қаржы құралдары жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 2-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
2-кезең:	Егер қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайса, Банк бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. 2-кезеңге қаржы құралдары жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 3-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
3-кезең:	Несиелік-құнсызданған болып табылатын қаржы құралдары. Банк бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.
СҚНҚ:	Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) активтер – солар бойынша бастапқы мойындау сәтіне несиелік құнсыздануы болған қаржы активтері. Бастапқы мойындау кезінде СҚНҚ активтері әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайда мөлшерлемесін пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. КНЗ бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдары сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде танылады немесе танылуы тоқтатылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Дефолтты анықтау және сауықтыру

Банк қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді және тиісінше, қарыз алушы шартта көзделген төлем мерзімін 60 күнге кешіктірген жағдайда КНЗ-ны есептеу мақсатында 3-кезеңге (несиелік-құнсызданған активтер) жатқызады. Банк банктердегі қаражатқа қатысты дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күнді жабу сәтіне бөлек келісімдерде көрсетілген қажетті күнішілік төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша дереу шараларды қолға алады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Банк төлем болмай қалуы мүмкін екендігіне нұсқайтын бірқатар оқиғаны қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Банк мұндай оқиғаның дефолтқа әкеп соқтыратындығын және активтерді КНЗ есептеу мақсатында 3-кезеңге жатқызудың қажет екендігін немесе 2-кезең лайықты болатындығын мұқият саралайды. Мұндай оқиғаларға келесілер жатады:

- қарыз алушының дефолтқа немесе дефолттың жақындығына нұсқайтын ішкі рейтингісі;
- қаржыландыру берілген сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюымен туындаған қарыз алушы берешегінің бір бөлігін және/немесе барлық сомасын есептен шығару;
- қаржы құралының өтелуі қамтамасыз етуді сату нәтижесінде күтілгенде қамтамасыз ету құнының едәуір азаюы;
- қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауына орай қайта құрылымдау;
- борышкердің айтарлықтай қаржылық қиындықтары туралы негізделген әрі шынайы ақпараттың болуы;
- қарыз алушының банкроттық туралы өтінішті беруі.

Банктің саясатына сәйкес қаржы құралдары «сауықтырылған» болып есептеледі және, тиісінше, дефолттың орын алу критерийлерінің бірде бірі қатарынан кем дегенде он екі ай бойы байқалмағанда не болмаса қаржы құралының рейтингісі жақсы жаққа қарай өзгергенде 3-кезеңге аударылады. Актив «сауықтырылған» жағдайда оны 2-кезеңге немесе 1-кезеңге ауыстыру қажеттілігіне қатысты шешім қалпына келтіру және бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюының болғандығын бағалау сәтіне несиелік рейтингтің қайта қаралған деңгейіне байланысты болады.

Ішкі рейтингті тағайындау және дефолт ықтималдылығын бағалау процесі

Қарыз алушылар бойынша қаржы құралы ретінде рейтингтік бағалау амалы қаржыландыруды қамтамасыз ету (кепіл) бойынша, ұсынылған бизнес-жоспар бойынша (бөлшек қаржыландырудан басқа) кредитті төлеу алу қабілетінің класына (қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйін талдау нәтижелері бойынша тағайындалған) негізделеді. Сонымен қатар қаржыландыру мерзімдері, клиенттің қаржыландырылатын жобадағы өз қаражатының болуы, қызмет аясы, кәсіпорынның қызмет ету мерзімі, басқа кәсіпорындар алдында кредиторлық берешектің болуы, қарыз алушының несиелік тарихы және ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем тәртібі сияқты факторлар ескеріледі.

Тағайындалған ішкі несиелік рейтингтерге қарай ағымдағы мерзімді өткізіп алудың болуы, қайта құрылымдаудың саны, жеңілдік кезеңінің болуы, нысаналы / нысаналы емес пайдалану туралы ақпарат, айтарлықтай қаржылық қиындықтар туралы ақпараттың болуы, қамауға алулар және т.б. факторларды ескере отырып күтілетін несиелік залалдарды одан әрі есептеу үшін қаржы құралын құнсыздану деңгейлері бойынша бөлу амалы орын алады.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Брокер-дилерлер, биржалар мен клиринг ұйымдары сияқты қарсы агенттермен қарым-қатынастарды қамтитын Банктің қазынашылық қарым-қатынастары есепті жылы болмады. Аталған қарым-қатынастар туындаған жағдайда талдауды Қаржы басқармасы – Қазынашылық жасайды.

Банктің қарыз алушыларды бағалауы қаржы құралының типіне (корпоративтік/бөлшек) қарай жасалады. Корпоративтік қаржы құралы үшін қарыз алушының бухгалтерлік есеп деректеріне, келешек ақша ағындарының болжамына, ұсынылған бизнес-жоспарға негізделген бағалау моделі қолданылады. Бөлшек қаржы құралы үшін бағалау үшін қарыз алушылардың несиелік скоринг моделі қолданылады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Коммерциялық қаржыландыру

Коммерциялық қаржыландыру кезінде қарыз алушыларды Заң басқармасы, Кредиттеу басқармасы және Тәуекелдерді басқару қызметі бірізді етіп бағалайды. Тәуекелдерді бағалау амалы қарыз алушының қаржылық жай-күйі, қаржыландыру бойынша қамтамасыз ету, қаржыландыру мерзімі, ұсынылған бизнес-жоспарды ету мерзімі, басқа кәсіпорындар алдында кредиторлық берешектің болуы, қарыз алушының несиелік тарихы және ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем тәртібі сияқты түрлі деректердің негізінде жасалады. Қарыз алушының қаржылық жай-күйін бағалау амалы ақша ағындары болжамының, тарихи қаржылық акпараттың, банкрот болу ықтималдылығының есебіне, өтімділік коэффициенттері сияқты ағымдағы қаржы коэффициенттерінің есебіне, қаржылық левэридждің (төлем қабілеттілігінің), рентабельділіктің және борышқа қызмет көрсетудің негізінде жасалады.

Банк ішкі несиелік рейтингтің келесі деңгейлерін пайдаланады:

<i>Ішкі рейтинг деңгейі</i>	<i>Сыртқы халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингісі</i>	<i>Ішкі рейтинг деңгейінің сипаттамасы</i>	<i>Бүкіл мерзімдегі PD</i>
91-150	сәйкес келмейді	Сенімді қарыз алушы	1-5%
71-90	сәйкес келмейді	Ең аз тәуекелі бар қарыз алушы	1-7%
56-70	сәйкес келмейді	Орташа тәуекелі бар қарыз алушы	0-7%
41-55	сәйкес келмейді	Жоғары тәуекелі бар қарыз алушы	10-27%
40 және одан төмен	сәйкес келмейді	Жол берілмейтін тәуекелі бар қарыз алушы	100%

Бөлшек қаржыландыру

Бөлшек қаржыландыруға кепілмен қамтамасыз етілген жеке тұлғаларды Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек жатады. Бұл өнімді бағалау ішкі несиелік рейтингтің деңгейін тағайындай отырып жасалады, ол қарыз алушының түрлі сапалық әрі сандық сипаттамаларына сүйенетін, сондай-ақ қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйі бойынша, қарызды қамтамасыз ету (кепіл), клиенттің қаржыландырылатын жобада өз қаражатының болуы, ағымдағы міндеттемелерде төлем тәртібі бойынша жасалған талдауды ескере отырып, скоринг нәтижелеріне негізделеді. Әрбір қарыз бойынша мерзімі өткен күндер саны құнсыздандуды есептеу кезінде шешуші фактор болып табылады.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) құнсыздану мәніне бағалануға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және дефолтқа жақындаған кезде клиенттің өз берешегін ұлғайту қабілеттілігін, сол сияқты мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көрсетеді. 1-кезеңнің қаржы құралы үшін EAD есептеу үшін Банк 12 айлық КНЗ бағалау үшін 12 айдың ішінде дефолттың орын алу ықтималдылығын бағалайды. 2-кезеңнің, 3-кезеңнің активтері және қаржы активтерінің СҚНҚ үшін EAD көрсеткіші құралдың қолданылуының барлық мерзімінің бойына орын алуы мүмкін оқиғалар үшін қарастырылады.

Банк EAD көрсеткішін дефолт уақыттың түрлі сәттерінде орын алған кезде ықтимал нәтижелердің диапазонын модельдеу арқылы айқындайды, бұл көптеген сценарийлерге сәйкес келеді. Содан кейін Банк модельдерінің нәтижелеріне қарай экономикалық сценарийге 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай PD көрсеткіштері тағайындалады.

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі

Коммерциялық қаржыландыру болған жағдайда LGD көрсеткішін ай сайын несиелік және депозиттік операцияларды талдау әрі әкімшілендіру басқармасы бағалап, Банктің Тәуекелдерді басқару қызметімен тексеріледі.

Несиелік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді, соның нәтижесінде белгілі бір LGD деңгейлері орнатылады. Бұл LGD деңгейлері ұсталып отырған қамсыздандыруды сату нәтижесінде қалпына келтіріледі немесе өткізіледі деп күтілетін сомалармен салыстырғанда күтілетін EAD көрсеткішін ескереді.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (жалғасы)

Банк өзінің бөлшек қаржы өнімдерін келешек ақша ағындарын бағалау үшін орынды болатын негізгі сипаттамаларының негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Бұл үшін өткен кезеңдердің залалдары туралы ақпарат пайдаланылып, мәмілелерге тән сипаттамалардың кең спектрі (мысалға, өнім түрі, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қарастырылады. Бұрынғы кезеңдердің залалдары туралы ақпарат болмаған жағдайда Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдарының соған ұқсас топтар бойынша деректерді пайдалануға жол беріледі.

Қажетіне қарай, 9 ХҚЕС (IFRS) бойынша LGD деңгейін анықтау үшін қаржы құралдарының әр тобы үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер пайдаланылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдарына қамтамасыз ету құнының өзгеруі, тауарларға бағалар, төлемдердің мәртебесі немесе құралдардың тобы бойынша залалдарды куәландыратын басқа факторлар жатады.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезең активтерінің барлық кластары мен СҚНҚ үшін бағаланады. Мұндай LGD деңгейлері үшін бастапқы деректер бағаланады және мүмкін болғанда, жуырда болған қалпына келтірулерді ескере отырып, тарихи деректердің негізінде тестілеу арқылы түзетіледі. Қажет болған жағдайда мұндай деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы

Банк соларға қатысты КНЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсызданудың бағалау резервін құрудың қай сомада қажет екендігін анықтау үшін (яғни 12-айлық КНЗ немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ), Банк бастапқы танылған сәттен бастап бұл құрал немесе құралдар портфелі бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғанын саралайды. Банк қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап, егер қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтарының бір немесе бірнеше белгісі анықталған болса, айтарлықтай ұлғайды деп есептейді:

Заңды тұлғалар үшін:

- алдыңғы кезең үшін үрдістегі залалдар өсімі он екі айдан кем емесін құрайды;
- төлем қабілеттілігінің төмен деңгейі, қарыз қаражатынан үлкен тәуелділік туралы куәландыратын ішкі нормативтік құжатқа сәйкес есептелген коэффициенттердің қолайсыз мағынасы;
- теріс меншікті капиталдың болуы;
- қызметтің негізгі түрінен ақша ағындарының тұрақты төмендеуі (3 және одан астам есепті кезеңдердің бойына), бұл нарықтық үлестің азаюы, Банктің қарыз алушы (борышкер, қосалқы қарыз алушы) қолға алатын шаралар қаржылық жағдайды тұрақтандыру үшін тиімді екендігінде сенімділіктің жоқтығы туралы куәландырады;
- қарыз алушының (борышкердің, қосалқы қарыз алушының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына орай бұрын берілген қаржыландыруды өтеу мақсатында қарыз алушыға (борышкерге, қосалқы қарыз алушыға) қаржыландыру беру.

«Инвестициялық мақсаттар» қаржы қаражатын нысаналы пайдалана отырып заңды тұлғалар үшін (инвестициялық қаржыландыру):

- қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қаржылық жай-күйінің тұрақты және (немесе) едәуір нашарлауы;
- қарыз алушы (қосалқы қарыз алушы) қолға алатын шаралар қаржылық жағдайды тұрақтандыру үшін тиімсіз;
- 1 (бір) жылдан астам емес мерзімге санацияның болуы;
- форс-мажор жағдайларының, сондай-ақ қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) материалдық зиян келтірген (қарыз алушының негізгі қызметінен 6 және одан көп орта айлық түсімдер мөлшерінде), бірақ оның қызметінің тоқтап қалуына әкеп соқтырмаған өзге де жағдайлардың болуы.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы (жалғасы)

Банк сондай-ақ актив бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болғанына нұсқау үшін қосымша сапалы әдісті, мысалы, клиентті/қаржы құралын несиелік оқиғаға орай проблемасы бар немесе қайта құрылымдалатындардың тізіміне аударуды қолданады. Кейбір жағдайларда Банк жоғарыдағы «Дефолтты анықтау» бөлімінде келтірілген оқиғаларды дефолт ретінде емес, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына нұсқау ретінде қарастыра алады. Несиелік рейтинг деңгейлерінің өзгеруіне қарамастан, егер шартта көзделген төлем мерзімдері 30 күннен артық мерзімге өтсе, несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғаяды.

КНЗ ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде бағаланған жағдайда Банк несиелік тәуекелдің бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғайғандығын бағалаудың дәл сондай қағидаттарын қолданады.

Қаржы активтерін топтастыру, солардың бағалануы топтық негізде жүзеге асырылады

Төменде көрсетілген факторларға қарай, Банк КНЗ-ны дербес негізде не болмаса топтық негізде есептейді.

Дербес қаржы активі – бұл жалпы баланстық құны есепті күнге қаржылық есептіліктің деректеріне сай меншікті капиталдың 0,2%-нан асатын, бірақ елу миллион теңгеден кем болмайтын актив немесе өзара байланысты тарапқа талапты білдіретін қаржы активі.

Банк дербес негізде КНЗ есептейтін актив кластарына мыналар жатады:

- қаржы активтерінің класына қарамастан 3-кезеңнің барлық активтері;
- қаржыландырудың мойындалуы тоқтаған және борыштың қайта құрылымдалуының нәтижесінде жаңа қаржыландыруды мойындау сәтіне СҚНҚ ретінде жіктелген қаржы активтері.

Банк топтық негізде КНЗ есептейтін актив кластарына мыналар жатады:

- 1 және 2-кезеңдерде бөлшек және корпоративтік портфельдер.

Банк бұл қаржы активтерін қаржы құралдарының ішкі және сыртқы сипаттамаларына қарай біртектес топтарға біріктіреді, мысалы, ішкі несиелік рейтинг, төлем мерзімін өткізу, өнім түрі, қарыз алушы өз қызметін жүзеге асыратын кепіл немесе сала коэффициенті.

Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер

КНЗ-ны есептеудің өз модельдерінде Банк бастапқы экономикалық деректер ретінде келешек жылған ЖІӨ өсімінің үрдістері жөнінде болжамды ақпаратты пайдаланады.

КНЗ-ны есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен модельдер қаржылық есептіліктің ұсынылу күніне нарықтың барлық сипаттамаларын әрдайым көрсетпейді. Осыны көрсету үшін, оқта-текте сапалы түзетулер немесе егер мұндай айырмалар елеулі болса, уақытша түзетулер ретінде жасалады.

Болжамды ақпаратты алу үшін Банк сыртқы дерек көздерінен (сыртқы рейтинг агенттіктері, мемлекеттік органдар, мысалға, орталық банктер, статистика жөніндегі агенттік, авторитетті талдау агенттіктері) деректерді пайдаланады. Бұл көрсеткішті Банктің Тәуекелдерді басқару қызметі саралайды.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Несиелік тәуекел (жалғасы)***Қаржы активтерінің кластары бойынша несиелік сапа*

Банк қаржы активтерінің несиелік сапасын төменде көрсетілгендей ішкі рейтинг беру жүйесінің көмегімен басқарады. Төмендегі кестеде Банктің несиелік рейтингтер жүйесінің негізінде несиелерге байланысты баланс баптары бойынша активтердің кластары бөлігіндегі несие сапасының сараптамасы берілді.

	<i>Ескерт.</i>	<i>Сенімді қарыз алушы</i>	<i>Ең аз тәуекелі бар қарыз алушы</i>	<i>Орташа тәуекелі бар қарыз алушы</i>	<i>Жоғары тәуекелі бар қарыз алушы</i>	<i>Жол берілмейтін тәуекелі бар қарыз алушы</i>	<i>Жиыны</i>
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7						
Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік							
	1-кезең	457.216	–	–	–	–	457.216
	2-кезең	–	–	3.448.012	3.199.314	–	6.647.326
	3-кезең	–	–	1.945.242	2.829.303	–	4.774.545
Кард Хассан							
	1-кезең	1.803	–	–	–	–	1.803
	2-кезең	–	–	331	–	–	331
	3-кезең	–	–	–	3.945	–	3.945
Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік							
Клиенттерге берілген қарыздар:	8						
Коммерциялық кредиттеу						44.807	44.807
	3-кезең	–	–	–	–	–	–
Қаржы құралдарын беру міндеттемелері							
	1-кезең	300.000	–	–	–	–	300.000
Қаржылық кепілдіктер	19						
	2-кезең	–	–	–	989	–	989
	1-кезең	784.945	–	–	–	–	784.945
	2-кезең	–	–	9.017	185.985	–	195.002
	3-кезең	69.037	–	–	343.340	–	412.377
Жиыны		1.614.682	–	5.402.602	6.562.876	44.807	13.624.967

Төмендегі кестеде Банктің несие рейтингісінің ішкі жүйесінің негізінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 39 ХҚЕС-ке (IAS) сай есептелген жалпы баланстық құн көрсетілген:

<i>2017 жылдың 31 желтоқсанына</i>	<i>Ескерт.</i>	<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>		<i>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</i>	<i>Жеке құнсызданған</i>	<i>Жиыны</i>
		<i>Жоғары рейтинг</i>	<i>Стандартты рейтинг</i>			
Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты мен оның баламалары	6	1.136.310	–	–	–	1.136.310
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	7					
- Тауарлық Мұрабаха – корпоративтік бөлік		–	4.531.898	–	6.798.755	11.330.653
- Кард Хассан		–	22.615	–	–	22.615
- Тауарлық Мұрабаха – бөлшек бөлік		–	2.979	–	–	2.979
Клиенттерге берілген қарыздар:	8					
- Коммерциялық кредиттеу		–	–	–	1.213.106	1.213.106
- Дербес кәсіпкерлер		–	8.844	–	–	8.844
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	–	–	40.901	–	40.901
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	10	–	1.062.300	–	–	1.062.300
Жиыны		1.136.310	5.628.636	40.901	8.011.861	14.817.708

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Неспелік тәуекел (жалғасы)***Қаржы активтерінің кластары бойынша несиелік сапа (жалғасы)*

Клиенттердің мерзімі өткен қаржы құралдарына бірнеше күнге ғана мерзімі өткен қаржы құралдары ғана жатады. Төлем кешеуілдетілген сәттен бастап мерзімі өткен қаржы құралдарының сараптамасы төменде көрсетілген. Мерзімі өткен қаржы құралдарының көпшілігі құнсызданған деп қарастырылмайды.

Өз саясатына сәйкес, Банк өз портфелінің аясында дәл әрі ретті рейтингтер беруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл қолданыстағы тәуекелдерді шоғырландыра басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ несиелік тәуекел мөлшерін алуан қызмет түрлері, географиялық өңірлер мен өнімдер бойынша салыстыруға мүмкіндік береді. Рейтинг беру жүйесі бірқатар қаржылық-сараптау әдістеріне, сондай-ақ қарсы агенттер тәуекелін бағалауға арналған негізгі алғашқы ақпарат көзі болып табылатын өңделген нарықтық деректерге сүйенеді. Тәуекелдің бүкіл ішкі санаттары Банктің рейтинг беру саясатына сәйкес анықталған. Берілетін рейтингтер үнемі бағаланып және қайта қарастырылып отырады.

Қаржы активтері кластарының бөлігінде төлемді кешеуілдету күнінен өткен мерзімдер бойынша мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған қаржы құралдарын талдау

	2017 жыл		
	30 күннен кем	31-90 күн	Жиыны
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	40.901	40.901
Жиыны	–	40.901	40.901

Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек пен клиенттерге берілген қарыздардың құнсыздану резерві туралы барынша толық ақпарат «Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек» 7-ескертпеде және «Клиенттерге берілген қарыздар» 8-ескертпеде келтірілген.

Төменде Банктің 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің географиялық шоғырлануы көрсетілген:

	2018 жыл			2017 жыл		
	Қазақстан	Басқа елдер	Жиыны	Қазақстан	Басқа елдер	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	591.578	1.245.208	1.836.786	625.633	565.193	1.190.826
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	11.886.847	–	11.886.847	9.974.418	–	9.974.418
Клиенттерге берілген қарыздар	44.807	–	44.807	877.647	–	877.647
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	–	–	40.901	–	40.901
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	756.247	–	756.247	1.062.300	–	1.062.300
Басқа да қаржы активтері	6.966	–	6.966	7.211	–	7.211
Қаржы активтерінің жиыны	13.286.445	1.245.208	14.531.653	12.588.110	565.193	13.153.303
Міндеттемелер						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	577.165	577.165	–	595.766	595.766
Клиенттердің қаражаты	544.678	1.207.919	1.752.597	547.662	–	547.662
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	6.716	–	6.716	–	–	–
Басқа да қаржылық міндеттемелер	12.931	229	13.160	19.674	331	20.005
Қаржылық міндеттемелер жиыны	564.325	1.785.313	2.349.638	567.336	596.097	1.163.433
Таза баланстық позиция	12.722.120	(540.105)	12.182.015	12.020.774	(30.904)	11.989.870

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Неснелік тәуекел (жалғасы)

Қаржы активтері кластарының бөлігінде төлемді кешеуілдету күнінен өткен мерзімдер бойынша мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған қаржы құралдарын талдау (жалғасы)

Кредит сипатындағы активтер мен міндеттемелер қарсы агент болатын елге сай көрсетілді. Қолма-қол ақша қаражаты олар іс жүзінде болған елге сай көрсетілді. ТМД және басқа елдерге Ресей Федерациясы, Еуроодақ елдері мен Түркия жатады.

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – Банктің төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы ең аз банк салымдарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

Банк ҚРҰБ-де ақша депозитін (міндетті резерв) орналастырды, әрі оның көлемі клиенттердің қаражатын тарту деңгейіне байланысты болады.

Қазынашылық Банктің ағымдағы өтімділігін басқарудың, сондай-ақ Банк балансының және оның өзгеру серпінділігінің жай-күйіне тұрақты мониторингтің негізгі органы болып табылады. Қазынашылық ай сайын өтімділікті талдап отырады, әрі оның нәтижелері АПБК барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі.

Баланс өтімділігін талдау кезінде Банк ішкі қабылданған әдістемелерді пайдаланады.

Апта сайын АПБК күтілетін ақша ағымдарының бөлігінде өтімділік талдауын – өтімділіктің айырылу талдауын қарастырып отырады. Өтімділік көрсеткіштері нашарлаған жағдайда себептердің талдауы жасалып, АПБК қарауына оларды жою жөніндегі ұсынымдар беріледі. Тәуекелдерді басқару қызметі лезде өтімділік коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті, жалпы өтімділік коэффициенті және болжанатын өтімділік коэффициенті сияқты өтімділікті басқарудың ішкі саясатымен белгіленген коэффициенттер мен параметрлердің орындалуын үнемі тексеріп отырады.

Банктің басқарушы органдары, ең алдымен Директорлар кеңесі мен Банктің Басқармасы АПБК-дан Банк өтімділігінің жай-күйі туралы ақпаратты айына кем дегенде бір рет, ал Банк өтімділігінің ағымдағы немесе болжамды жай-күйі айтарлықтай нашарлаған жағдайда дереу алып отыруы тиіс.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы

Төмендегі кестелерде 31 желтоқсандағы жағдаймен өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Банктің қаржылық міндеттемелері берілді. Алғашқы талап бойынша өтелуі тиіс міндеттемелер өтем туралы талап ең ерте мүмкін мерзімде мәлімделсе деп қарастырылады. Алайда, Банк көптеген клиенттер Банк тиісті төлем жүргізуге міндетті болатын ең ерте мерзімде өтеуді талап етпейді деп күтеді және осыған орай кестеде өткен кезеңдердегі салымдарды талап ету туралы ақпарат негізінде Банк есептеген күтілетін ақша ағымдары бейнеленбеген.

Қаржылық міндеттемелер	2018 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	31.296	545.869	–	–	577.165
Клиенттердің қаражаты	1.685.015	1.582	66.000	–	1.752.597
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	6.716	–	–	–	6.716
Өзге де қаржылық міндеттемелер	–	13.160	–	–	13.160
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	1.723.027	560.611	66.000	–	2.349.638

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)***Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы (жалғасы)*

Қаржылық міндеттемелер	2017 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	31.295	564.471	–	–	595.766
Клиенттердің қаражаты	516.080	1.582	30.000	–	547.662
Өзге де қаржылық міндеттемелер	–	20.005	–	–	20.005
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	547.375	586.058	30.000	–	1.163.433

Өтеу мерзімдеріндегі талдау ағымдағы шоттардағы таризи тұрақтылықты көрсетпейді, әрі олардың қайтарылуы жоғарыдағы кестелерде көрсетілгендерге қарағанда ұзақ уақыт бойы болды. Мұндай қалдықтар кестелердегі «3 айдан кем» ішінде өтелуге жататын сомаларға жатқызылған.

Кестеде Банктің шартты әрі шарттық міндеттемелердің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Қаржыландыруды беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент орындалуын талап етуі мүмкін ең ерте күні бар уақыт кезеңіне қосылады. Қаржылық кепілдік шарттары болған жағдайда кепілдіктің ең үлкен сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең ерте кезеңге жатады.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы

	2018 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	
Шығарылған кепілдіктер	31.337	548.199	812.788	–	1.392.324
Қаржы құралдарын беру міндеттемелері	–	250.000	50.000	989	300.989
	31.337	798.199	862.788	989	1.693.313

	2017 жыл				Жиыны
	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	
Шығарылған кепілдіктер	155.717	31.908	506	337.988	526.119
	155.717	31.908	506	337.988	526.119

Банк қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін шартты немесе шарттық міндеттемелердің барлығын емес орындау талап етіледі деп күтуде.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайда мөлшерлемелері, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауыткитын тәуекелдер. Банктің саудалық емес портфелі бойынша нарықтық тәуекелі бар. Саудалық емес позициялар бойынша тәуекел сезімталдық сараптамасын пайдалана отырып басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Банктің нарықтық тәуекелінің едәуір шоғырлануы жоқ.

Пайда мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Пайда мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі пайда мөлшерлемесіндегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Банктің пайда мөлшерлемелерінің өзгеруіне ұшырағыштығы айтарлықтай емес, өйткені Банк қаражатты тіркелген мөлшерлемелер бойынша тартып, орналастырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

24. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Басқарма екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу кезінде ҚРҰБ талаптарына негізделі отырып шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі.

Келесі кестеде Банктің 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау пайдаға немесе зиянға Қазақстандық теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (кейбір монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Капиталға әсер пайдаға немесе зиянға әсерінен ерекшеленбейді. Кестедегі теріс сомалар жиынтық кіріс туралы есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	2018 жыл		2017 жыл	
	Валюта бағамындағы ұлғаю, %-бен	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері	Валюта бағамындағы ұлғаю, %-бен	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
АҚШ доллары	+14%	41.307	+10%	7.475
Еуро	+14%	(75.310)	+13,5%	3.478
Ресей рублі	+14%	587	+16%	4.536

Валюта	2018 жыл		2017 жыл	
	Валюта бағамындағы азаю, %-бен	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері	Валюта бағамындағы азаю, %-бен	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
АҚШ доллары	-10%	(28.428)	-10%	(7.475)
Еуро	-10%	53.798	-13,5%	(3.478)
Ресей рублі	-9%	(480)	-16%	(4.536)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Банк мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау процедураларын қарастырады.

25. Әділ құнды бағалау

Әділ құны көздерінің иерархиясы

Әрбір есепті күнге Банк басшылығы активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін саралайды, әрі соларға қатысты Банктің есеп саясатына сай қайта бағалау не болмаса қайта талдау талап етіледі. Бұл талдаудың мақсаттары үшін Банк басшылығы бағалау есептеулеріндегі ақпаратты шарттармен және басқа да маңызды құжаттармен салыстыра отырып, алдыңғы бағалау кезінде пайдаланылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Банктің бөгде бағалаушыларымен бірге Банк басшылығы әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнындағы әрбір өзгерісті мұндай өзгерістің негізді екенін анықтау үшін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

25. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**Әділ құн көздерінің иерархиясы (жалғасы)**

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Банк актив немесе міндеттеме бойынша тәуекелдердің табиғаты мен сипаттамаларының негізінде активтер мен міндеттемелердің кластарын, сондай-ақ әділ құн көздерінің иерархиясын айқындады.

2018 жыл	Бағалау күні	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
		Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2018 жылғы 31 желтоқсан	87.883	1.748.903	–	1.836.786
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	10.985.657	10.985.657
Клиенттерге берілген қарыздар	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	44.807	44.807
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	756.247	756.247
Басқа да қаржы активтері	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	6.966	6.966
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	577.165	–	577.165
Клиенттердің қаражаты	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	1.752.597	–	1.752.597
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	6.716	–	6.716
Өзге де қаржылық міндеттемелер	2018 жылғы 31 желтоқсан	–	–	13.160	13.160
2017 жыл	Бағалау күні	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2017 жылғы 31 желтоқсан	264.311	926.515	–	1.190.826
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	9.479.037	9.479.037
Клиенттерге берілген қарыздар	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	869.203	869.203
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	40.901	40.901
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	1.062.300	1.062.300
Басқа да қаржы активтері	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	7.211	7.211
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	595.766	–	595.766
Клиенттердің қаражаты	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	547.662	–	547.662
Өзге де қаржылық міндеттемелер	2017 жылғы 31 желтоқсан	–	–	20.005	20.005

2018 және 2017 жылдардың ішінде әділ құн көздері иерархиясының арасындағы қозғалыс жасалған жоқ.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

25. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары**

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмейтін Банктің қаржы құралдарының кластары бөлігінде баланстық және әділ құнының салыстырмасы берілді. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмеген:

	2018 жыл			2017 жыл		
	Баланстық құны	Әділ құны	Танылмаған кіріс/(зиян)	Баланстық құны	Әділ құны	Танылмаған кіріс/(зиян)
Қаржы активтері						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.836.786	1.836.786	–	1.190.826	1.190.826	–
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	11.886.847	10.985.657	(901.190)	9.974.418	9.479.037	(495.381)
Клиенттерге берілген қарыздар	44.807	44.807	–	877.647	869.203	(8.444)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	–	–	40.901	40.901	–
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	756.247	756.247	–	1.062.300	1.062.300	–
Басқа да қаржы активтері	6.966	6.966	–	7.211	7.211	–
Қаржылық міндеттемелер						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	577.165	577.165	–	595.766	595.766	–
Клиенттердің қаражаты	1.752.597	1.752.597	–	547.662	547.662	–
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	6.716	6.716	–	–	–	–
Өзге де қаржылық міндеттемелер	13.160	13.160	–	20.005	20.005	–
Әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны			(901.190)			(503.825)

Бағалау және жорамалдау әдістемелері

Төменде әділ құны бойынша осы қаржылық есептілікте бейнеленбеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мем мүмкіндіктер сипатталды.

Әділ құны шамамен баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеудің негізінде айқындалады. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешектің, клиенттерге берілген қарыздардың, клиенттер қаражатының, басқа да қаржы активтері мен міндеттемелердің, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің әділ құны осы секілді талаптармен, несиелік тәуекелмен және өтеу мерзімімен берешек бойынша қазіргі уақытта бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып болашақ ақша қаражаттарының ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

26. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді. Банктің дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 25-ескертпесінде ашылған.

	2018 жыл			2017 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.836.786	–	1.836.786	1.190.826	–	1.190.826
Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	2.791.673	9.095.174	11.886.847	3.847.701	6.126.717	9.974.418
Клиенттерге берілген қарыздар	44.807	–	44.807	877.647	–	877.647
Қаржылық жал бойынша дебиторлық берешек	–	–	–	40.901	–	40.901
Уакала және Мұдараба пулдарына инвестициялар	756.247	–	756.247	1.062.300	–	1.062.300
Негізгі құралдар	–	22.669	22.669	–	24.660	24.660
Материалдық емес активтер	–	5.564	5.564	–	10.103	10.103
Қорлар	216.766	–	216.766	216.766	–	216.766
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	53.621	–	53.621	4.981	–	4.981
Мерзімі өткен корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	7.577	7.577	–	24.288	24.288
Басқа да активтер	244.527	–	244.527	112.278	–	112.278
Жиыны	5.944.427	9.130.984	15.075.411	7.353.400	6.185.768	13.539.168
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	577.165	–	577.165	595.766	–	595.766
Клиенттердің қаражаты	1.686.597	66.000	1.752.597	517.662	30.000	547.662
Уакала және Мұдараба пулдарының салымшылары алдында міндеттемелер	6.716	–	6.716	–	–	–
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	–	58.711	58.711	–	49.564	49.564
Басқа да міндеттемелер	42.083	–	42.083	34.492	–	34.492
Жиыны	2.312.561	124.711	2.437.272	1.147.920	79.564	1.227.484
Таза сома	3.631.866	9.006.273	12.638.139	6.205.480	6.106.204	12.311.684

27. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

27. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Байланысты тараптармен операциялар көлемі, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына сальдо, сондай-ақ көрсетілген күндерге аяқталған жылдар үшін шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

	2018 жыл			2017 жыл			Өзге де байланысты тараптар
	Жалпы бақылау астындағы ұйымдар	Шешуші басқарушы персонал	Өзге де байланысты тараптар	Жалпы бақылау астындағы ұйымдар	Шешуші басқарушы персонал	Өзге де байланысты тараптар	
1 қаңтарға Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	-	-	3.007	513.897	-	-	15.528
Жыл ішінде берілгені	-	-	-	333.740	-	-	502.844
Жыл ішінде өтеу	-	-	(3.007)	(190.704)	-	-	(4.475)
31 желтоқсанға өтелмеген Исламдық қаржыландыру бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	656.933	-	-	513.897
1 қаңтарға мерзімді депозиттер	-	-	-	-	359.979	-	-
Жыл ішінде төленгені	-	-	-	-	(359.979)	-	-
31 желтоқсанға мерзімді депозиттер	-	-	-	-	-	-	-
31 желтоқсанға ағымдағы шоттар	212	4	-	7.054	3.150	6.445	108.293

Төменде 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен болған операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	2018 жыл			2017 жыл			Өзге де байланысты тараптар
	Жалпы бақылау астындағы ұйымдар	Шешуші басқарушы персонал	Өзге де байланысты тараптар	Жалпы бақылау астындағы ұйымдар	Шешуші басқарушы персонал	Өзге де байланысты тараптар	
Тауарлық Мурабаха шарттары бойынша кірістер	-	-	47.246	-	-	172	717
Комиссиялық кірістер	1.966	6.407	214	416	700	3	2.980
Басқа да операциялық шығыстар	-	-	11.059	5.049	-	-	28.991

Төменде негізгі басқарушы персоналдың 5 мүшесіне (2017 жылы: 5 мүшесіне) төленген сыйақы туралы ақпарат көрсетілген:

	2018 жыл	2017 жыл
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	57.218	53.725
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	6.308	4.539
Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жиыны	63.526	58.264

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

28. Капитал жеткіліктігі

Банк қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Банк капиталының жеткіліктілігі, басқа әдістерден басқа, ҚРҰБ белгілеген нормативтерді пайдалана отырып бақыланады.

Банк үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Банктің капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің баламалы коэффициентін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады.

Банк өз капиталының құрылымын басқарады және экономикалық жағдайлар мен жүзеге асыратын қызмет түрлері тәуекелдерінің сипаттамаларындағы өзгерістерге орай оны түзетіп отырады.

ҚРҰБ банктерден барлық активтер сомасының кем дегенде 6% мөлшерінде бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициентін және нормативтік талаптарға сәйкес есептелген тәуекелді ескере отырып алынған активтердің кем дегенде 7,5% мөлшерінде екінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициентін қолдап тұруын талап етеді.

2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті нормативтік минимумнан асып түсті.

Төмендегі кестеде 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Банк капиталының талдауы көрсетілген:

	<u>2018 жыл</u>	<u>2017 жыл</u>
1-деңгейдегі капитал	12.632.575	12.301.581
2-деңгейдегі капитал	-	-
Меншікті капиталдан есептен шығарылуға жататын оң айырма	(3.663)	(9.530)
Капиталдың жиыны	12.632.575	12.292.051
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер мен міндеттемелер, ықтимал талаптар мен міндеттемелер	17.403.003	14.666.428
Операциялық тәуекел	1.149.009	1.212.974
Нарықтық тәуекел	807.000	517.588
Тәуекелдерді, шартты міндеттемелерді, операциялық және нарықтық тәуекелді ескере отырып алынған нормативтік активтердің барлығы	19.359.012	16.396.990
k1-1 капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (кем дегенде 5,5%)	65%	75%
k1-2 капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (кем дегенде 6,5%)	65%	75%
k2 капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (кем дегенде 7,5%)	65%	75%

29. Зәкят

Банктің Жарғысы Банк басшылығынан Акционердің атынан Зәкятты төлеуін талап етпейді. Тиісінше, Зәкят бойынша міндеттемені Акционер төлеуі тиіс.